



ГАЗДАНДЫРУ –
ҮНЕМ КӨЗІ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАТАҚХАНА ЖАЙЫ
ҚАЛАЙ?

10-БЕТ | САРАПТАМА



СИРЕК СОПРАНО –
СУМИ ЧО

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ –
АДАМ. БҰЛ – АЙҚЫН НӘРСЕ.
СОНДЫҚТАН ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚТЫ
ТЕҢ БӨЛУ ЖӘНЕ БАРШАҒА БІРДЕЙ
МҮМКІНДІК БЕРУ – РЕФОРМАНЫҢ
БАСТЫ МАҚСАТЫ. ҰЛТ САУЛЫҒЫ
ЖАҚСЫ БОЛСА ҒАНА, ҚОҒАМ
ОРНЫҚТЫ ДАМИДЫ.

№108
(4386)
Сейсенбі
13 қыркүйек
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ДІНДЕР МЕН ӨРКЕНИЕТТЕР ҮНДЕСЕДІ

Елорда айтулы оқиғаның қарсаңында тұр. Кеше елордада осы құрылтай аясындағы «Ұлы дала сазы» этнофестивалі басталды. Алдағы 14-15 қыркүйек күндері Тәуелсіздік сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII құрылтайы өтеді.

Халықаралық басқосуға әлемнің 50 мемлекетінен 100-ден аса делегация келеді. Діни форумға қатысушылардың арасында Рим Папасы Франциск, Әл-Азхардың жоғарғы имамы шейх Ахмед ат-Тайиб, Израильдің ашкенази раввині Дэвид Лау және басқа да мәртебелі меймандар бар. Рим Папасы 14 қыр-

күйек күні сағат 16.45-те ЭКСПО халықаралық көрме орталығындағы «Нұр әлем» павильоны алдында қасиетті уағызын өткізеді. Діни мессаға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Моңғолия және өзге елдерден 3 мыңға жуық адам қатысады.

7



ЗАҢҒЕРЛЕР ЖАУАП БЕРЕДІ

Елордада адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері қала тұрғындарына құқықтық кеңес береді.

Нұр-Сұлтан қаласында 16 қыркүйек күні «Халық заңгері» атты жалпыреспубликалық акциясы өтеді. Іс-шара аясында заңгерлер, адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері қала тұрғындарының барлық сұрағына жауап беріп, ұсыныстар айтып, заң тұрғысынан көмектесетін болады.

Акцияны ұйымдастырушылар: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, «ZAKON.KZ» желілік басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, мемлекеттік органдар және де еліміздің жетекші заңгерлері мен адвокаттары.

Нұр-Сұлтан қаласында іс-шара мына мекенжайда өткізіледі: Кеңесары көшесі 32, Е. Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы, 1 қабат. Басталуы: сағат 16:00.

ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРДЫҢЫЗ БА?

Жалпыға бірдей декларация аясында табыс пен мүлік туралы декларацияны тапсыру мерзіміне небәрі үш күн қалды.

Кірістер мен мүлік туралы декларация (270.00-нысан) 2022 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органына электронды түрде тапсырылуға тиіс.

Табыс пен мүлік туралы декларацияны тапсыруы керек: – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар және олардың жұбайлары; – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар және олардың жұбайлары; – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар және олардың жұбайлары.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ЖЕДЕЛ ЖЕТЕДІ

Мемлекет басшысы медицина саласын дамытуға, медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және сапасын жақсартуға, жедел медициналық көмек қызметін жаңғыртуға ерекше жағдай жасауды Үкімет алдына ерекше міндет ретінде тапсырды.

Осы орайда елордада бірқатар шаралар жүзеге асырылып жатыр. Соның бір айғағы күні кеше Нұр-Сұлтан қаласындағы жедел жәрдем станцияларына жаңа көліктер берілді. Соңғы үш жыл ішінде елордалық медициналық мекемелер 3 мыңға жуық арнайы жабдықпен толық жабдықталды.

2





ІРІ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізді. Президент мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктің рөлін талқылау бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

«Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты – бүкіл еліміздің әл-ауқатын сапалы және инклюзивті түрде жақсарту ісі өзгермейтін ерекше атап өттім. Бұл мақсатқа еркін әрі тиімді нарықтық экономика құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мемлекеттің экономикадағы жетекші рөлі, әсіресе мемлекеттің бизнес ісіне араласуы келмесе кетеді және солай болуға тиіс. Мемлекеттің міндеті – заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдау көрсету» деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасады. «Бәсекелестік жағдайы теңестіріледі. Енді қандай да бір тұлғаға басымдықтар берілмейді. Мемлекеттік аппараттағы байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлыққа қарамастан, Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесті дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіруге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар

мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесті қолдаудан бас тартпайды. Керісінше, біз, ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуға шақырамыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар шешім қабылданатынын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбегейлі қайта қаралады. «2024 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады. Бұл – менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесті артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сатып алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент салалық саясатын, оның ішінде агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс саласын, көлік-логистика секторын дамытуға қатысты әдістерді қайта қарау маңызды деп санайды. «Біздің алдымызда биліктің, қоғам мен бизнестің күшін біріктіру арқылы ғана орындауға болатын орасан зор міндет тұр.

Оған қоса, 21 қаңтарда өткен кездесу барысында мен айтқан мемлекет пен бизнестің өзара іс-әрекет қағидаттары өзгермейтін тағы да нақтылаймын. Естеріңізге сала кетейін, бұл – адал бәсекелестік, қабылданатын шешімдердің ашықтығы, мемлекеттік саясаттың болжамдылығы, бизнестің салыққа адалдығы, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ірі бизнес өкілдерін қоғамды толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуде шет қалмауға шақырды. «Адами капиталға, атап айтқанда, заманауи балабақшалар, жайлы мектептер, ауруханалар, іргелі университеттер салуға, туризмді дамытуға инвестиция құю да маңызды. Сіздер қайырымдылық істер жасауды жалғастыра беретіндеріңізге сенімдіміз. Қазір елімізде мектептердің, студенттер жатақханаларының, жастарға арналған спорт ғимараттарының тапшылығы сезіледі. Сіздердің көмектеріңіз ел үшін елеулі болар еді» деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы билік пен бизнес арасындағы конструктивті диалогты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Королі III Чарльзге оның таққа отыруына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

«Қазақстан Ұлыбританиямен берік достық байланыстарға, қарқынды саяси диалогқа, өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарға негізделген берік стратегиялық серіктестікті

жоғары бағалайды. Түрлі салалардағы, оның ішінде халықаралық аренадағы жан-жақты ынтымақтастығымыз достас халықтарымыздың игілігі үшін одан әрі нығайта беретініне кәміл сенімдімін»

деп жазылған жеделхатта. Құттықтау соңында Президент Корольге барлық игі бастамаларына толағай табыс, ал король отбасы мүшелері мен барлық британдықтарға бақыт пен өркендеу тіледі.

ҚЫТАЙ БАСШЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САПАРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 14 қыркүйек күні елімізге Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си

Цзиньпин мемлекеттік сапармен келеді. Қазақстан мен Қытай басшылары қазақ-қытай стратегиялық серіктестігін жан-жақты

нығайтудың перспективаларын талқылайды. Келіссөздерден кейін бірқатар екіжақты құжатқа қол қою жоспарланып отыр.

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ЖЕДЕЛ ЖЕТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Медициналық орталықтар мен жедел медициналық жәрдем станциясын жүйелі түрде жабдықтау жұмысы жүріп жатыр. Жедел медициналық жәрдем станциясының автопаркіне тағы 55 автокөлік қосылды. Олардың басым бөлігі – реанимобильдер.

Осыған дейін 100-ден аса автокөлік тапсырылған. Осылайша, автопарк айтарлықтай модернизацияланып, машиналар саны артты. Арнайы автокөліктер алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қажетті жабдықтармен жабдықталған: өкпені жасанды желдету аппараты, дефибрилятор-мониторлар, электрлі сорғыштар, жедел медициналық көмек көрсету үшін реанимациялық құрылғылары бар электрокардиограф және басқа да құрал-жабдықтар бар.

Соңғы үш жыл ішінде медициналық мекемелер 3 мыңға жуық арнайы жабдықпен толық жабдықталды, 40 «үй жанындағы дәрігер» нысаны (олардың 7-еуі елді мекендерде орналасқан) ашылды, бірқатар медициналық мекемеге жөндеу жүргізілді, 4 медициналық ме-



кеменің құрылысы бойынша тиісті жобалар іске асып жатыр.

Сол сияқты «Жағалау-3» және «Нұрлы жол» вокзалы аумағында амбулаторлы-емханалық кешен, «Көктал-1», «Пригородный», «Тельман» және т.б. елді мекендерде алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталықтарының құрылысы жоспарланған. Сондай-ақ медицина қызметкерлерінің жалақысы жүйелі деңгейде өседі, жоғары білім алуға жыл сайын гранттар

бөлеміз және басқа да сала қызметін жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде» деп жазды қала әкімі Алтай Көлгінов.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны үшін 55 арнайы автокөлік «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ лизингтік бағдарламасы арқылы сатып алынды.

Енді елордада «Жедел жәрдем» қызметі бұрынғыдан да жедел жететін болады.

АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЕСЕБІН ТЫНДАДЫ

Мемлекет басшысы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік жүргізіп жатқан монополияға қарсы тергеу жұмыстары туралы есепті тыңдады. Жыл басынан бері бәсекелестікті қорғау заңнамасын бұзу белгілері бар 293 хабарлама берілген, оның 78 пайызы өз еркімен орындалды.

Марат Омаровтың мәліметінше, Агенттік жұмысындағы стратегиялық бағыттар – бәсекелестікті дамыту және қорғау

бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз ету, өндірістің негізгі факторларының кәсіпкерлік субъектілеріне теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету, жеке бастаманы қолдау және бәсекелестік алаңын фаворитизмнен тазарту.

Мемлекет басшысына Жолдауда айтылған, соның ішінде бірыңғай операторларды қысқарту және конгломераттардың қызметін реттеу бөлігінде

берілген тапсырмаларын жүзеге асыру жоспарлары туралы баяндалды. Агенттік мемлекеттік қолдау шараларының теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз етуге, экономикадағы жеке кәсіпкерліктің үлесін арттыруға, экономиканың негізгі салаларында бәсекелестікті дамыту жұмысына ерекше көңіл бөледі.

Кездесу соңында Президент Агенттік басшысына бірқатар нақты тапсырмалар берді.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов жеке қабылдау кезінде қала тұрғындарының қандай сұрақтар қойғанын айтты.

«Біз апта сайын азаматтарды қабылдауды жалғастырамыз. Қалалықтардан келіп түсетін мәселелердің маңызды бөлігі – тұрғын үй. Мемлекет басшының маңызды бөлігі – тұрғын үй. Мемлекет басшының жеңілдетілген қолжетімді тұрғын үй салуды жалғастырамыз, жастарға арналған арнайы тұрғын үй бағдарламасын іске қостық, тұрғын үй сертификаттарының сомасын ұлғайттық, тұрғын үй бағдарламаларына қатысушылардың санатын

кеңейттік және т.б. Бірақ қалада 200-ден астам апаттық үй бар. Соңғы үш жылда апатты үйлерден 700-ге жуық отбасы көшірілді. Биыл тағы 300-ден астам отбасын көшіруді жоспарлап отырмыз. «Елорда Даму» бағдарламасы басталғалы бері апатты үйлерден 4200 отбасы көшірілді.

Сонымен қатар, тұрғын үй кешенін жөндеу және лифтілерді ауыстыру бойынша жұмыстарды жүргіземіз. Мысалы,

азаматтарды қабылдау кезінде тұрғындар лифтілерді ауыстыру мәселесі бойынша жүгінді (Күйші Дина көшесі, Алматы ауданы). Үйдігі лифтілердің бір бөлігі ауыстырылды, басқалары бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұған дейін біз 80 лифтіні жаңарттық, биыл тағы 40 лифтіні жаңартуды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы 30 лифт ауыстырылады деп жоспарланып отыр» деп жазды елорда әкімі.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жапонияның «Riken» компаниясының зерттеушілері қашықтықтан басқарылатын тарақанды жасады.

Күн панелі арқылы зарядталатын сымсыз басқару модулімен жабдықталған бұл құрылғы қауіпті аймақтарды тексеруге және қоршаған ортаны бақылауға көмектеседі. Сондай-ақ экожүйені бақылап, тіпті қалпына келтіруге қабілетті жасанды тарақанға өте жұқа және икемді органикалық күн батареясы жәндіктерге бекітілді.



Ал, керек болса, жасанды интеллектті бар гуманоид роботы әлемде алғашқы бас директор болды.

Қытайдың NetDragon Websoft мобильді ойын компаниясы өзінің флагмандық еншілес компаниясы Fujian NetDragon Websoft компаниясының бас директоры болып жасанды интеллект виртуалды гуманоид роботы Тан Ю тағайындады. Бұл қадам корпоративтік басқаруды түрлендіру және операциялық тиімділікті жаңа деңгейге көтеру үшін қажет болыпты.



Түркияның Конья қаласында құрылысшылар VIII ғасырдағы жерасты қаласын ашты.

Ғалымдар оның жалпы ауданы 5 мың шаршы метрге жетуі мүмкін деп есептейді. Жерасты қаласын кімдер, қалай салды, кімдер тұрды? Ғалымдар осы сұрақтың жауабын іздеуде. Бұған дейін Түркияның Анкараның оңтүстік-шығысында екі бірдей үңгір қала орнын тапқан болатын. Олар қалалардың біріне Каймаклы (сол жерге жақын орналасқан ауылдың құрметіне), екіншісіне Деринкую деген атау тақты.

СЫРДЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ?



Елордалықтар қолжетімді бағада азық-түлік алып, Арқаның ұзақ қысына қамдануда ауылшаруашылығы жәрмеңкесі маңызды рөлге ие. Өткен сенбі, жексенбі күні Сырдың диқандары астаналықтарға өнімдерін ұсынды.

Сыр диқандары 50 жүк автокөлігімен 500 тоннадан астам өнім әкеліпті. Қызылорда облысы дегенде, ойға күріш, балық, қауын-қарбыз, асқабақ, тұз келмей ме? Елордалықтар да өнімнің осы түрін алуға қызығушылық танытатыны анық. Сондықтан Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарына базарлық ретінде қызылордалықтар өнімнің осы түрін мейлінше мол әкелуге мән беріпті. Яғни 100 тонна күріш, 30 тонна балық және оның өнімдері, 15 тонна ет, 80 тонна көкөніс пен жеміс-

-жидектер, 210 тонна бақша өнімдері, 50 тонна асқабақ, 3 тонна ас тұзы, 10 тонна сүт өнімдері, 5 тоннаға жуық кондитер өнімі жәрмеңкенің алаңына шығарылды.

Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев:

– Қызылорда облысынан жалпы құны 200 миллион теңгені құрайтын өнім келді. Бұған барлық ауданның диқандары атсалысты. Біздің ауданнан күріш өнімдері мен бақша дақылдары жеткізілді. Әсіресе, Сырдың күрішіне

сұраныс жоғары болды, – деді.

Расында Сырдың өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Одан бөлек, балық пен асқабақты көптеп алып жатқандарды байқадық.

Елордалық Елдос Сайдуллаұлы есімді азаматты сөзге тартқанымызда: – Қызылордалықпын! Жылда осы жәрмеңкеден бір қысқа жететін асқабақ аламын. Быыл да бір қап асқабақты 5600 теңгеге алдым. Бір келісі 150 теңгеден келді, – деді ол.

Бұрын-соңды алып балықты көрмеген астаналық тұрғын:

– Мә, осындай үлкен балық болады екен-ау! Бірінші рет көрімім! – деп таңданысын жасыра алмады.

Қысқасы, жәрмеңкенің жылуы ортақ, қызығы мол!

ҚҰРЫЛТАЙ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ШАРАЛАР



Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі қарсаңында елордада өткізілетін іс-шаралар туралы Нұр-Сұлтан қаласының мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Қамзин баспасөз конференциясында баяндады.

Брифинг алаңында съезд қарсаңында өткізілген және өтетін іс-шаралар айтылды.

6 қыркүйекте «The most nationalities in an orchestra» концерті аясында «Ең көпұлтты оркестр» аталымы бойынша жаңа әлемдік рекорд тіркеліп, Гиннес кітабына енді. 10 қыркүйекте «Барыс Арена» спорт кешенінде «Біз әлембіз» атты жастарға арналған музыкалық қайырымдылық фестивалі өтті.

Бейбітсүйгіштік, татулық пен бірлікті дәріптеу миссиясымен үндес іс-шараның мақсаты – ұлттық сананы рухани жаңғырту және елдің бірыңғай мәдени кеңістігін қалыптастыру.

– Дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі қарсаңындағы іс-шаралар елдік пен еркіндік, тұрақтылық пен тыныштықты арқау етеді. Съезд қонақтары ұлттық болмыс-бітімдізді ерекшелейтін іс-шараларды

тамашалай алады. Мәселен, 12-16 қыркүйек аралығында «Бәйтерек» монументі алаңында «Ұлы дала сазы» этно-фестивалі өтеді. Сондай-ақ киіз үйлер тігілген этноауылда ұлттық қолөнер мен музыкалық аспаптар қойылады және алтыбақан құрылып, ұлттық ойындар ойнай алады. «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында «Бірлік – әралуандылықта» концерттік бағдарламасы өтсе, Бейбітшілік пен келісім сарайында көрме қойылады, – деді Н.Қамзин.

Яғни ырыс пен ынтымақты, татулық пен тұрақтылықты негіз еткен көп диаспоралы елдегі өміршең істер насихатталады.

Жасанды интеллект алғаш рет өз бетімен фильм түсірмек.

Иә, неміс Фабиан Штелцер жасанды интеллект арқылы фильм түсіруге шешім қабылдады. Таспа толығымен нейрондық желілер жиынтығымен түсірілді: біреуі суретпен айналысады, екіншісі кейіпкерлердің дауысын жасайды, ал үшіншісі арнайы эффектілерге жауап береді. Бір қызығы, фильмде нақты сценарий жоқ. Тек шамамен сюжеттік желі және жалпы стиль ғана бар.



Неміс палеонтологтары Германияның оңтүстік-батысында динозаврлардың белгісіз түрін тапты.

Tuebingosaurus maierfritzorum деп аталған бұл панголин шамамен 211 миллион жыл бұрын Швабиялық Юрада өмір сүрген және шөп қоректі жануар болған. Динозаврдың бұл түрі ұзын мойынды динозаврларға (зауроподтарға) ұқсайды.

Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев онлайн брифингте спорт бағытында қандай жобалар жүзеге асып жатқанын мәлім етті.

ЕЛОРДА – СПОРТШЫЛАР ҚАЛАСЫ

«Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін, сондай-ақ балалар – жасөспірімдер мен бұқаралық спортты дамытудың басымдығын ескере отырып, дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамтуды арттыру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласында арнайы бағдарламалар мен түрлі жобалар әзірленген» деп бастады баспасөз мәслихатын басқарма басшысы Самат Жылқыбаев.

Елордада өткен жылы 406 552 адам дене шынықтыру және спорт түрлерімен айналысты.

Басқарма басшысы бүгінгі таңда елордада спорт бағытында қолға алынған іс-шараларға нақтырақ тоқталып өтті.

«Қолжетімді спорт» жобасы - бұл жоба 2021 жылдың желтоқсан айының соңына дейін жалғасып, 20 мыңға жуық елорда тұрғынын қамтыды. 2022 жылдың сәуір айынан бастап аталған жоба өз есігін қайта ашты. Жоба елорда тұрғындарын спорттың 5 түріне үйретеді. Жобаға білікті нұсқаушылар мен жаттықтырушылар жұмылдырылды. Олар қала саябақтары мен тыным бақтарында сабақ өткізетін болады. Жоба 2022 жылдың желтоқсан айының соңына дейін жалғасады. Қала тұрғындары үшін келесі спорт түрлері қолжетімді: скандинавиялық жүріс, жүгіру, қаратэ, үстел теннисі, фитнес және йога.

AulaFit жобасы. 2020 жылғы 25 мамырдан бастап Нұр-Сұлтан қаласында #AulaFit бағдарламасының пилоттық жобасы құрылды және іске қосылды. Тұрғын үй кешендерінің тұрғындары спортпен қадамдық қолжетімділікте - өз аулаларында, тәжірибелі жаттықтырушылардың басшылығымен, тегін негізде айналыса алады. Аға буын, жастар мен балалар күн сайын спортпен шұғылданады, бос уақыттарын, демалыстарын қызықты және пайдалы өткізеді, психологиялық қолдау алады.

«Asar Joly» акциясы. Осы бағдарламалар аясында елордада спорттың ойын түрлері (футбол, стритбол) бойынша аула лигалары өткізілді. Сонымен қатар, халықтың спортпен шұғылдануына да барлық жағдай жасалынған. Нақтырақ айтсақ, қалада 18 спорт кешені, 1500 және одан да көп орындық трибунасы бар стадион, 27 бассейн, құрама командаларды дайындау орталықтары және сол сияқты 44 теннис корты бар. Бүкіләлемдік



пандемияға байланысты спорттық іс-шаралардың тоқтатылғанын ескере отырып, елорда тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында әр ай сайын жүгіру және веложүгіруден онлайн жарыстар ұйымдастырған болатынбыз. Қала тұрғындары өздеріне қолайлы уақытта, кез келген саябақта жүгіріп, қорытындысымен «Страва» қосымшасы арқылы бөлісе алады.

Астаналықтар асыға күтетін, қалыптасқан дәстүрлі спорттық шаралар бізде баршылық. Мәселен, дзюдодан Азия чемпионаты, «Қазақстан барысы» республикалық турнирі, садақ атудан халықаралық турнир, бүркітшілердің халықаралық турнирі, футболдан «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің кубогы» республикалық турнирі, елорда күніне орай өтетін бөйге түрлерінен жарыс, бұқаралық велосеру және қысқы маусымдық жарыстар, гимнастикадан республикалық чемпионат, жасөспірімдер арасында еркін күрестен Ж.Үшкөмпіров атындағы халықаралық турнирі, «Бұрқасын» қысқы фестивалі, триатлоннан Азия чемпионаты, «Қысқы триатлон» жарысы, жеңіл атлетикадан халықаралық турнирі және басқа да жарыстар бар.

Елордада мереке, демалыс күндері түрлі спорттық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып тұрады.

«2021 жылдың қорытындысы бойынша қалада дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатын 406 552 адам қамтылды, бұл тұрғындардың жалпы санының 33,08%-ын құрайды (2020 ж. – 340 459 адам немесе 29,7%), 3,38%-ға өсті. 2025 жылға дейін қамтуды 35 пайызға дейін арттыру жоспарлануда» деді Самат Жылқыбаев.

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

12.09.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ

	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	460	420	660	600
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	90	140	150
Макарон өнімдері	480	440	400	410
Қарақұмық жармасы	700	520	630	650
Тазартылған күріш	500	465	475	480
Картон	180	180	150	160
Сәбіз	200	115	130	180
Пияз	200	95	120	230
Қырыққабат	190	70	180	165
Қант	650	1000	600	650
Күнбағыс майы	1200	1150	1000	1100
Сыыр еті	2750	3000	2500	2800
Тауық еті	1700	1700	1680	1650
Пастерленген сүт	450	420	380	400
Айран	440	400	460	430
Сары май	4500	4000	4000	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	500	480	480	450
Ас тұзы	100	70	80	90
Сүзбе	1000	950	900	950

АЛДАҒЫ САЙЛАУЛАР САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫ ТҮЙІНДЕЙДІ

Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан САИРОВТАН Жолдауда көтерілген мәселелерді талдап, алдағы міндеттерді саралауды сұрады.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір жылда екі рет Жолдау жолдады. Наурыз айындағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауы арқылы қаңтар қасіретінен кейін елдің көңіліндегі мың сауалға жауап берді. Елдің негізгі бағыт-бағдарын айқындап, Конституцияны заман талабына сай жетілдіруді ұсынды. Солай болды да.

Қыркүйек айындағы Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деп аталды. Бұл мінбе-сөздің ең негізгі мән-маңызы неде деп ойлайсыз?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік басына келгеннен кейін, демократиялық құндылықтарды жүзеге асыруда бір-біріне тәуелсіз билік тармақтарын қалыптастыруға мән беретінін атап айтты. Яғни заң шығарушы, атқарушы және сот билігін дамыту маңызды міндет саналады. Онсыз өркениет көшіне ілесу мүмкін емес.

Жылдар бойы қатып қалған жүйені жібітіп, осы жүйеде жеке мүддесі тұрғысынан пайда тауып жүрген алпауыт монополиялық топтарға ауыздық салу оңай іс емес. Қиын! Қазір осы бағытта қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Жолдауында осындай түйдек-түйдек мәселелерді шешуге бағытталған батыл ойын білдірді. Саяси мінбеден атқарушы билікке экономикалық өсімді тұрақтандыруда кәсіпкерлік, ауылшаруашылығы т.б. саладағы ішкі ресурстарды тиімді жүзеге асырып, нарықтағы қымбатшылықты құрықтауға тапсырды. Ең негізгісі, бастаған саяси реформаларды аяқтаудың құралын баяндап, Президент билік басында ұзақ мерзімде болмауын, сондай-ақ экономиканы деолигархизациялау мен деолигархизациялаудың нақты жолын айқындады.

– 2022 жылы әлемдік геосаяси жағдай күрделеніп, жаһанданудың сценарийін түзетін империалистік елдердің дамушы елдерге ықпал-өктемі күшейе түсті. Мұны сыртқы фактор дейік. Екінші жағы, елдің ішінде жаңа саяси реформаны жүзеге асыруға ықылас білдірмейтін топтар жоқ емес. Осындай алмағайып кезеңде кезектен тыс президенттік сайлау өткізу қаншалықты маңызды?

– Рас, геосаяси жағдай күрделене түсті. Әлем елдері геосаяси, геоэкономикалық топтарға бөлініп, санкциялық соғыстар жүреді. Саяси ғана емес, әскери блоктар да пайда болып, жаһан жұртының түн ұйқысы бұзылып, тынышы қашты.

Қазақстан әлемнің құрамдас бөлігі болғандықтан сыртқы саясат аспектілерін жан-жақты қарастырып, санкциялық соғыстардың елге әсерін мейлінше болдырмау және территориялық тұтастықты сақтап, экономиканы дамыту міндеті тұр.

Осыны ескерген Президент соңғы бірнеше айда Таяу Шығыс елдеріне, Сауд Арабия, Түркия, Иран, Ресей, Әзербайжан, Түркіменстан, Қырғызстан т.б.

мемлекеттік сапармен барып, сыртқы саяси факторларға белгілі бір деңгейде тепе-теңдік қалыптасуына жұмыс істеді. Ендігі мәселе – елдің ішінде саяси реформалардың жүзеге асуына қарсы мүдделі топтар бар. Ұзақ жылдар жіліктің ең майлы жерін иемденіп отырған монополиялық топтар қаржылық көзінен өзінен-өзі бас тарта алмайды. Реваншистік топтардың билікке қайта келуге мүдделі. Олардың қарқынды тамырына балта шабуға президенттік сайлау өте қажет.

Өздеріңіз біліп отырғандай, мүдделі топтар өзінің жымсықы әрекеттерін тоқтататын түрі жоқ. Қордайдағы ұлтаралық қақтығыс, Жамбылдағы әскери базадағы жарылыс, Қостанайдағы өрттің шығуы реваншистік топтардың іс-қимылының нәтижесі деп айтуға толық негіз бар.

– Батыстың саяси технологтары демократиялық құндылықтарды дәріптеп, елдердің ішкі жағдайына араласатынын көріп жүрміз. Сіздіңше, мемлекеттілікті дамытуда қажетті демократиялық инструмент ретінде нені танысыз? Осының ара-жігін ашып берсеңіз...

– Күрделі геосаяси жағдайда өзінің аумақтық тұтастығын сақтап тұруда елдің облыстарын дамуды қайта қарап, аумақтардың экономикасын әртараптандыруда шағын және орта бизнесті жолға қойып, өнім өндіруші цехтар мен шағын зауыттарды көптеп құрып, салық жүйесін реформалау керек. Бұл – елдің әлеуметтік әлеуетін көтеретін бірден-бір жолы.

Шекаралық аймақтарға мемлекеттік деңгейде мән беру маңызды. Өйткені шеткі аудандардың мәселесі өте өзекті. Ондағы депрессивті экономика: интернеттің жоқтығы, әлеуметтік инфрақұрылым – жолдардың нашар деңгейде болуы, спорт кешені, мектеп пен балабақшаның заманауи талаптарға жауап бермейтінін көріп отырмыз.

Ең бастысы, демографиялық өсімге маңыз беруіміз тиіс. Президент Жолдауында Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50 пайызын 18 жасқа дейінгі балалардың арнайы есепшотына аударуды ұсынып, шоттағы қаржыны тек көмелеттік жасқа толғаннан кейін, баспана немесе білім алу мақсатында ғана шешуге болатынын айтты. Бұл қадам демографиялық өсімге серпіліс береді деп ойлаймын.

Демографиялық көрсеткішті бала туу деңгейімен көтерумен қатар, миграциялық процеспен реттеуге болады. Мәселен, шет елдегі қандастарды тарихи отанына келуіне толық мүмкіндік жасау керек. Өйткені алыс-жақын шет елдердегі қазақтар атамекеніне тұруға толық құқылы. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттілікті дамытуда

қажетті демократиялық инструмент, ол саяси жүйені жаңғыртып, өнім өндіруші экономикаға бет бұрып, елдің демографиялық ахуалына мән беру керек. Осы үшеуін үйлесімді дамыту маңызды.

– «Жаңа Қазақстанды» ескі кадрлармен жаңғырта алмаймыз деген халықтың уәж-талабын жер-жерден естіп жүрміз. Осыған байланысты не айта аласыз?

– Біздің басты құндылығымыз – Тәуелсіздік!

Ең бірінші, осының мән-маңызын терең түсінуіміз керек.

Тәуелсіздікті өркендетуде демократия мен плюрализм (пікір алуандылығы) елдің ең негізгі аспектісіне айналуы тиіс.

Демократияны жаңғыртуда саяси институттарды дамыту керек.

Кент және ауылдық округтердің сайлауы өтті. 2023 жылдан бастап аудан әкімдері сайланады. Келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттары сайлау додасына түседі. Мұның бәрі жаңа саяси күштерді әкеліп, аңса азаматтардың саяси алаңда өзінің білігі мен білімін, белсенділігін көрсетіп, өкілді органның қоғамдағы ықпалын арттырады.

Парламент сайлауы өткеннен кейін, үкімет толық құрамымен отставкаға кетеді. Бұл – заңдылық. Ескі жүйеден оңдаған жыл Үкіметтің, мемлекеттік органдарды басқарған азаматтар толық кетуі керек. Әсіресе, аймақтардан, жастарға көңіл аудару қажет.

Трансформация дегеніміз – осы!

– Парламент Мәжілісіндегі «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы елордаға Астана атауын қайтаруды ұсынды. Біздің шығармашылық ұжым «Астана» деген атауды арқалап жүргендіктен, елең еттік. Бұл қадам қаншалықты дұрыс?

– Халықтың басым көпшілігі «Нұр-Сұлтан» атауын дұрыс қабылдамай, осы күні «Астана» деп атайтынын жақсы білеміз. Өзінің мән-мағыналық философиясы терең «Астана» атауының қайта келуі, тарихи әділеттілік деп білеміз.

– Келесі жылы парламенттік сайлау өтеді. Бұған қаншалықты дайынсыз? Жалпы жаңадан қалыптасатын Парламенттік корпус қандай болуы тиіс. Сіздің көзқарасыңыз...

– Жаңа жүйе бағдарлама бойынша 30 пайызы бір мандатты аймақтарда және партиялық тізіммен өтеді.

Біз партияның мүшесі болғандықтан, «Аманат» партиясының айналасында жүйелі жұмыс істейтін боламыз.

Демократия мен саяси плюрализм идеясын қолдаушы партияның өкілі ретінде елдегі әділеттілік, теңдік принциптерін ары қарай дамытуда күш салып, сөз бен істің бірлігін көрсетеміз.

Парламенттік сайлау – жаңа саяси күштердің өзінің интеллектуалдық, саяси даралығын көрсетуге мүмкіндік туады. Осы мүмкіндікті елдің белсенді азаматтары дұрыс пайдалануы қажет.

Бізге саяси оппозиция қажет және оппозиция Парламентте болуы абзал. Ол үшін саяси партияларды құрамын деп жүрген азаматтар да ұйымдасуы қажеттілігіне көрсетуі қажет.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Ботагөз БАЯНОВА, Нұр-Сұлтан қаласы сотының баспасөз хатшысы:

ЖҰРТ ӘДІЛДІКТІ СОТТАН ІЗДЕЙДІ

– Жақында ғана Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің дәстүрлі Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жариялады. Әрбір қазақстандық үшін маңызы зор бұл құжатта Жаңа Қазақстанға қадам басып отырған қоғамның алдына Президент саяси салмағы аса зор үлкен міндеттер қойып отыр.

Жолдаудағы ең басты назар аудартқаны – Мемлекет басшысының «алдағы уақытта сот төрағалары жоғарыдан тағайындалмайды, оларды судьялар өз іштерінен сайлайды» деген сөзі. Бұл, негізінен, көпшіліктің көкейінде жүрген пікір еді. Осы ойды Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында халыққа жариялап, өмірге енгізгелі отыр. Сот төрағасын судьялардың өз араларынан сайлауы – сот тәуелсіздігін қамтамасыз ететін бірден-бір қадам деп түсінеміз.

Екіншіден, әділеттілік қағидатын ұстанған қоғамда қашанда ілгерілеу, даму болады. Бұқараның басты тілегі де, негізінен,

ел бірлігі, халық тұтастығы. Төртеу түгел болып, мақсаты айқын, ертеңі жарқын, іргесі берік мемлекетте өмір сүру – әркімнің арманы.

Жолдаудағы ең басты жаңалық – биыл күзде Президент сайлауын өткізу туралы ұсыныс болды. Әр қазақстандық үшін маңызды осы шешімді Мемлекет басшысы тосыннан айтты. Мұндай саяси жаңару қадамдары алда нақты экономикалық өзгерістерге жол ашары сөзсіз.

Бұдан басқа қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жасалды. Бұл елдің бірлігін сақтауға, түсіністігін нығайтуға септігін тигізуі керек. Сондықтан Президент «Ереуілге қатысқандар да, күштік құрылым қызметкерлері де – өз азаматтарымыз. Олар сот әділі өтеді деп қана емес, қоғам кешірімді болады деп үміттеніп отыр. Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінәсін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға кешіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір



реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым» деді. Бірақ мұндай рақымшылық қаңтар оқиғасына қатысқандардың барлығына бірдей берілмейді. Жапайы тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысы бар адамдар, сондай-ақ мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандар заң тәртібімен қатаң жазаланады.

Сондай-ақ бұл Жолдауда 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестициялық табысының елу пайызын 18 жасқа дейінгі балалардың арнаулы есепшотына аудару ұсынылды. Бұл да – қарапайым халық үшін үлкен жаңалық. Бала 18 жасқа толғанда шотқа шамамен 3 мың АҚШ долларына тең қаражат жиналуы керек болса, оны кейін баспана немесе білім алуына пайдалануға болады.

Осының барлығы Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған халықтың ертеңі күнге деген сенімін нығайта түсер оң өзгерістер, болашаққа жасалған нақты қадамдар деп білеміз.

Сергей СОЛОДОВНИКОВ, «Жастар» сарайының директоры:

БАСТЫ БАҒЫТТЫ БЕЛГІЛЕДІ

қазақстандықтар әйелдер үшін зейнеткерлік жасты кезең-кезеңмен төмендету, жеке білім беру ваучерлерін енгізу туралы жаңалықты қуана қабылдады.

Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөледі жоспарлауы, білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несиенің берілуі жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамда өріптік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Президент «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңды әзірлеу мемлекеттік органдарға игерілмеген қаражат-

ты келесі жылға ауыстыруға мүмкіндік беретінін айтты. Бұл шешім бюджетке ақшаны қайтарудың тиімсіз саясатынан құтылуға көмектеседі. Шынында да, көбінесе бюрократиялық кідірістерге байланысты ақша Тапсырыс берушіге байланысты емес себептермен игерілмейді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бүгінде мемлекеттік сатып алулардағы басымдық ең төменгі баға емес, сапа болуы тиіс екенін атап өтті. Заңның бар көпшілік міндетті түрде жояды деп ойлаймын.

Біздің елімізде ауылдық ауруханаларды жаңғырту, жаңа қоймай, қоғамда өріптік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі. Президент «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңды әзірлеу мемлекеттік органдарға игерілмеген қаражат-



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауы «Жаңа Қазақстанды» құрудың дұрыс саяси бағытын белгілеп берді. Қазақстандықтар Президенттің ауқымды бастамаларын үлкен сеніммен қарсы алды. Мемлекет басшысы әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарды қолдау, ауылдық медицинаны дамыту және білім беруді арттыру жөніндегі жұмысты жағаластыру жоспарланғанын айтты. Бұл жаһандық қағидаттар мен идеялар Қазақстанды экономикасы дамыған заманауи, бәсекеге қабілетті мемлекетке айналдыруға бағытталған. Осыған байланысты, көптеген

Жандос БЕСПАЙ, кәсіпкер:

ТЫҢ СЕРПІН КЕРЕК

– Кәсіпкерлікті бастағаным төртінші жыл. Осы жылдары наубайхана ашып, нан өнімдерін нарыққа шығардым. Оның қатарына шағын астана ісін қостым. Шүкір, жұмыс дөңгелеп, жүре бастады. Бастысы, талпыныс пен тәуекелде екен.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың дәстүрлі Жолдауына мән беріп, тындап шықтым. Кәсіп бастауға және дамытуға ниетті 100 мың жасты қаржылай қолдаймыз деді. Пайымды пікірін қуана қабылдадым. Себебі қазір жүздеген жастар өз кәсібін бастап, дамыту жолында ізденіп жүр. Егер төмен пайызбен несие беретін болса, онда кәсіпімді кеңейту ойда бар.

Бір танысым Оңтүстік Кореяға барып, еңбек етіп қайтты. Үш жылдан аса уақыт сонда жұмыс істеп, тәжірибесін шыңдап келді. Келгелі шұлық шығаратын цех ашуды жоспарлап жүр. Егер мемлекет тарапынан қолдау болатын болса, өнім өндіруге ниетті жастардың қатары арта түсетіні анық.

Мемлекет басшысы айтқандай, біздің ел шикізатқа тәуелді, еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ.

Мұны шешуде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландырып, сондай-ақ шағын және орта бизнес аса маңызды міндет болып саналады.

Әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесінен кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы тұрақты даму деңгейіне көтерілгенін көруге болады.

Мәселен, ашық дерек көздерінен Жапон экономикасында шағын және орта бизнес секторы ЖІӨ-нің 51-54 пайызын құрайды және шамамен 30 миллион адамды жұмыспен қамтамасыз ететіні білеміз. Бұл жалпы жұмыспен қамтылған халықтың 70 пайызын құрайды.

Ал Сингапурда кәсіпкерлік: сауда, көлік, байланыс, қаржы, туризм және т.б. қызмет көрсету саласымен тығыз байланыста дамыса, халқының 70-80 пайызы осы салада жұмыс істейді. Сингапурда табысты орта тап жалпы халықтың 80 пайызын құрайды, тіпті сингапурлықтар арасында әртүрлі компаниялардың акциясына ие екені таңғалдырмай қоймайды.

Дамыған елдердің экономикасы тұрақты болуында кәсіп-



керлік саласы қозғаушы күш саналады.

Өз ойым, кәсіпкерлікті дамытуда жаңа көзқарас, тың бағыт керек. Мұны Мемлекет басшысы Жолдауында атап, «кәсіпкерлікті қолдауда бәрін басынан бастап реттеу керек. Тапсырма екі жылдан бері орындалмай келеді. Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн» деп атады.

Бізге талап қандай? Бірінші оқып, сертификат алуың керек. Сосын бизнес-идея құрып, комиссия алдында қорғау маңызды. Көп жағдайда тамыр-таным іздейтіміз жасырын емес.

Ал екінші деңгейлі баландар кепілдік сұрайды. Қалада жалдамалы пәтерде тұратын жастар банктерге кепілдік қоя алмайды, сосын бизнесті қалай дамытады?

Міне, осындай мәселелерді шешу жолдарын қарастыру керек деп ойлаймын.



Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың үстіміздегі жылдың бірінші қыркүйегіндегі Жолдауы халықтың көкейінде жүрген, қордаланған мәселелердің түйінін тапты және оны шешу жолдарын көрсетті. Сондықтан да бұл Жолдаудың басқа жолдаулардан ерекшелігі де осында деп есептеймін. Оның басты себептері – Жолдаудың ел сүйсінтер тосын жаңалыққа толы болғанында. Алдымен ол туралы жалпылама айтатын болсақ:

1. Ең төменгі жалақыны 70 мың теңгеге көтеру;
2. Бала күтіміне берілетін төлем бір жарым жасқа дейін ұзартылады;
3. Ұлттық қор табысының жартысы он сегіз жасқа дейінгі балалардың есепшотына жиналады;
4. Әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жаста болады;
5. Қаңтар оқиғасына қатысушыларға рақымшылық жасалған;
6. Шетелден әкелген көліктерге 200-250 мың теңге көлемінде бір реткі утильалым алып заңдастырылады;
7. Биыл кезектен тыс президент сайлауы болады;
8. Президент өкілеттілігінің мерзімі 7 жыл болады, бірақ қайта сайлануға тыйым салынады. Бұлардың барлығы да бүгінгі күні баспасөз бетінде елді елең еткізген жаңалық ретінде кең тараған болатын. Расында да біз отыз жыл бойы алдымен экономика, одан соң саясат деп келдік. Шын мәнінде құстың қос қанаты секілді экономика мен саясат бірге жүргенде ғана қоғам алға жылжиды, дамиды, өндіріс өркендейді. Осы екі бағытты қатар ұстай алмағандықтан, біздің тығырыққа қалуымыздың себебі де осы ғой деп ойлаймын. Жолдауда халықты теориялық тұрғыдан емес, әлеуметтік тұрғыдан нақты-нақты ұсыныстармен көтерілген мәселелердің бәрі халыққа қажеттілігі ерекше аталып өтілді. «Қуатты ұлттың біліктілігі неде?» дегенде, әрине, білім мен ғылымда екенін қадап айтты.

Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бірнеше бағыт негізінде арнайы тоқталып, олар туралы жан-жақтылы терең байламдарын жеткізді.

Бұл Жолдауды мен дәрігер ретінде ерекше жылы қабылдадым. Ауылдық жерлерге медициналық мекемелерді көптеп салу – халық денсаулығын көтеруге, ауылдағы ұл-қыздарымыздың ақаусыз өсіп-жетілуіне жақсы әсері болады. Сондықтан да бұл Жолдаудың ерекшелігі – халыққа арналуында. Осыған байланысты ұлттық жобаның қабылданғанын деп жатуы да жақсы әсер қалдырды.

Медицина саласының маманы, осы салада ұзақ жылдар қызмет істеген тұлға ретінде Жолдаудағы үшінші бағдарға жан-жақты тоқталуды жөн санап отырмын. Жолдауда ел Президенті: «Денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілді. Дегенмен, оның жағдайы әлі де мез емес. Әрине, жылдар бойы қордаланған түйткілдер бір мезетте шешілмейді. Сондықтан, аса маңызды мәселелерді ретке келтіруге баса мән берген жөн. Сондықтан бірі – қаржыландыру жүйесі. Осы салаға қаржының жеткілікті бөлінбеуі қалыпты жағдайға айналған. Соның кесірінен, жұрт сақтандыру жүйесіне қосылса да, медициналық қызмет толық көлемде көрсетілмей отыр.

Бүгінде медициналық көмек мемлекет кепілдік берген және сақтандыру пакеті деп екіге бөлінген. Ашығын айтсақ, мұндай жүйенің тиімділігі төмен. Тіпті, сақтандыру моделі тұрақсыз әрі жүйесіз дамуда. Бұл – үлкен олқылық. Ерікті медициналық сақтандыру жүйесін енгізетін уақыт әлдеқашан жетті.

Үкіметке денсаулық сақтау саласын және жалпы әлеуметтік саланы қаржыландыру жүйесін қайта қарауды тапсырамын.

Медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару керек. Мемлекет пен жекеменшіктің серіктестігін тиімді пайдаланған жөн.

Медицина – инвестиция салуға қолайлы сала. Тек оған дұрыс жағдай жасау қажет.

Мен келесі жылдан бастап ұлттық жобаны жүзеге асыруды тапсырдым. Бұл

құжат, ең алдымен, ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған.

Бүгінде еліміздегі 650 елді мекенде емдеу мекемесі жоқ. Алдағы екі жылда бұл ауылдарда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі.

Осылайша, мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды.

Ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, енді ауданаралық көпбейінді мекемеге айналады. Онда инсульттен емдеу орталықтары, хирургия, жансақтау және оңалту бөлімдері ашылады. Бұл төрт миллионнан астам адамға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттырады. Сонымен қатар, телемедицина бағытын дамытамыз. Сол арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілетін болады.

Денсаулық сақтау саласы бәсекеге қабілетті болуы үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдірген жөн. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға көбейеді.

Мұның бәрі ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізеді» деді.

Әрине, бүгінде жан саны артып, бала туу көрсеткіші өскен халқымызға дәрігерлер мен емдеу мекемелерінің көптен салынуына жол ашам деуі көңілге медеу болатындай. Хирургия, жансақтау бөлімдері мен оңалту орындарының көптеп салынуы халықтың денсаулығының жақсаруына он әсері болады. Міне, бұның барлығы да «Жаңа Қазақстанның» жүркі болуына қажеттілігі ерекше аталып өтілді. Мен Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде көптеген мәселелерді көтеріп жүрмін. Осыған байланысты жақында ғана министрлікке сұрақ қойдым. Яғни, Қазақстанда қазір әртүрлі ұйымдардан сертификат не болмаса лицензия алып адам емдеумен айналысып жүр. Бұлардың мамандықтары да дәрігерлік мамандыққа келе бермейді. Біреулері ветеринар, біреулері агроном, біреулері басқа мамандықтың иелері, олар адам жанына арашашы болып, ине салып, қан алып жүр. Олардың бәрі бейімделген жерде отырған жоқ. Базарлардың ішінде, қуыс-қуыс жерлерде, кейбірі зат сағатын дүкендердің ішінен ашып алған. Сондықтан оларда санитарлық нормалар да орындала бермейді. Сол себепті де осы мәселелерді көтеріп жатырмыз. Президенттің Жолдауынан кейін, біздің Үкіметіміз, Денсаулық сақтау министрлігі оларға басқаша назар аударды ғой деп ойлаймын. Өйтпеген жағдайда бұрынғы таптауырын жолға түсіп, халқымыздың жұмысқа жарамды, қоғамға қажетті мықты азаматтар болып өсуіне мүмкіндік жасай алмаймыз. Әрине, менің ойымша, мұның барлығы да болашақта шешіледі.

Ұлт денсаулығы – мемлекеттің жарқын болашағының мызғымас тірегі. Ұлттың дені сау болса, халықтың әл-ауқатына, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігіне оң ықпал жасайтыны түсінікті. Кезінде дана халқымызда «Бірінші байлық – денсаулық» деп тегін айтпаған. Дені саулық – жаны сау. Толағай табыстарға жету үшін де адамға зор денсаулық керек екенін өмір өзі көрсетіп отыр. Сондықтан да Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл салаға баса мән беріп, келесі жылдан бастап ауқымды жоспарларды жүзеге асыруға пәрмен беруі – қуанарлық іс.

Дамыған елдердің басып өткен жолдарына назар аударатын болсақ, оларда ең алдымен оқу-ағарту мен медицинаға мән берген. Осы екі сала қарыштап дамығанда мемлекеттің еңсесі де көтеріліп, ел дамуының болашағы жарқын болатыны белгілі. Бұл Жолдауды бүгінгі Қазақстанның медициналық жағдайын дөп басып, оны шешудің жолдарын алға қойған ауқымды бағдарлама болды деп айтуға толық негіз бар.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жолғы Жолдауынан медицина саласы бойынша

назар аударатын тұсы – мемлекеттік медициналық орталықтармен қатар, жеке медициналық орталықтарға да мүмкіндік беруі туралы айтқаны болды. Әрине, жеке медициналық орталықтар мемлекетке салық төлеумен қатар, халықтың денсаулығының жақсаруына да айтарлықтай үлес қосып келеді. Осы бастаманы ғалым ретінде қолдаймын. Оның нақтылы дәлелі ретінде де өзім басқарып отырған «Жас-Ай» халықаралық медициналық орталығының жұмыс нәтижесін айтсам да жеткілікті. Пандемия кезінде халыққа жақыннан жәрдем беріп емшараларды үздіксіз жасап отырдық.

2020 жылдың наурыз айынан басталған пандемияның Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемде дәрігерлер мен емдеу мекемелерінің ауадай қажет екеніне көздерін жеткізді. Халықтың бұл салаға деген құрметі артты, сондықтан да Президенттің медицина саласына арнайы назар аударып, өзінің маңызды бағдарламаларының күн тәртібіне енгізуінің маңызы айрықша деп айтуымызға болады.

Президент Қ.Ж. Тоқаевтың мемлекеттік медициналық мекемелер мен жекеменшік медициналық мекемелердің әріптестігі мен өзара бірлесіп жұмыс жасауына мүмкіндік беру туралы бастамасы да өте орынды. Бұл жағдай іске асатын болса өзара іс-тәжірибе алмастыруға, селбесе отырып күрделі ауруларға диагноз қоюға, ота жасатуға, алтын инемен емдеуге, шығыс пен батыстың медицинасындағы жетістіктерді бір-бірімен ұштастыра, отандық, яғни қазақ медицинасының озық үлгілерімен байланыстыра отырып жаңа нәтижелерге жетуге болады деп санаймын.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың теле медициналық дамыту жөніндегі ұсынысы да көңілге қоныды. Оған біз өз тәжірибеміз негізінде көз жеткізіп отырмыз. Мен біраз жылдан бері Шалқар радиосының «Денсаулық» хабарының қонағы болып, халықтың көкейінде жүрген көптеген сауалдарға жауап беріп, алдын ала жасалатын дәрігерлік емшаралар жөнінде кеңес бердім. Бұндай кеңеске әсіресе шалғай ауылдағы халықтың зәру екеніне көзім жетті. Радио мен телеарналардағы тікелей эфирдегі сұхбат барысында қалалық жерден бұры, шалғай ауылды жерлерден хабарласатын адамдардың көрсеткішінің саны соны дәлелдеді. Сонымен қатар өзімнің жеке жүргізіп отыратын ютуб, инстаграм, фейсбук, уатсап, тағы басқа әлеуметтік желілердегі дәрігерлік кеңес беретін бағдарламаларым да соны айғақтап отыр. Сондықтан да Президенттің бұл бастамасы қалың халықтың қолдауына ие болады деп сенемін.

Қазіргі әлемдегі саяси жағдай мен дағдарыстың күн санап қиындауы ел экономикасы мен халық тұрмысына да оңай болып тұрмағаны белгілі. Бұл жағдай біздің елді де айналдырған өткен жоқ, көршіміз Ресейге салынған санкциялардың салқыны да қиын тиіп тұрғаны белгілі. Сондықтан да ел Президенті жастарды қолдап, осы мәселелерді шешуді көздеп отыр. Болашақта жүз мың жасы жұмыспен қамтуды көздеген. Қазір жастардың кәсіпкерлікке байланысты жобаларын қолдауға назар аударып отыр. Оларға кәсіпін дамытуға төмен өсіммен несие беруді де көздеген жоспарлар бар. Міне, бұлардың барлығы да Қазақстан жастарының рухын көтереді. Олардың қоғамдық мәселелерге тікелей араласуына әсер етеді ғой деп ойлаймын. Әрине, Президенттің айтып отырғаны – қазіргі үлкен саяси ахуал. Өзінің өкілеттілігін ертерек тоқтатып, жаңа сайлау өткізуді ұсынып отыр. Президент болатын тұлға бір реткі сайлауға түсіп ел тізгінін 7 жыл ұстауы керек деген ұстанымды, жеті жылдан кейін қайта сайлауға түсуіне заңмен шектеуді де ортаға салып отыр. Міне, бұның барлығы да саяси, экономикалық мәселелерді шешуде кезек күттірмейтін дүние деп ойлаймын. Сондықтан да мен президенттік сайлаудың мерзімінен бұрын өтуін құптаймын, қолдаймын. Болашақ бүгіннен басталады, кеш қалмау керек, осы үлкен саяси үрдістің басы-қасында болуымыз керек деп есептеймін.

Асылбек БАЙЖҰМАҰЛЫ,
ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Геральдикалық зерттеулер орталығының директоры

ТҰҒЫРЫМЫЗ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қазіргі айналымызда болып жатқан әлемдік тұрақсыздықты ескерсек, бұл реткі Жолдауда қамтылған бағыттар елдегі саяси тұрақтылықты сақтауға кепіл болады деп айтсақ артық емес. Егер Жолдауда көтерілген міндеттер жүйелі түрде орындалатын болса, нәтижесін қарапайым халық жақын-жуықта айтарлықтай сезінеді. Президент жаңа Жолдауында жер телімдерін пайдалану, су ресурстарына байланысты мәселелер мен кәсіпкерлікті дамытуға баса назар аударды. Жалпы халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс-тіршілігіне тікелей әсер ететін мәселелер көтерілді.

Айталық, халықтың ең бірінші арман тілегі – қоғамдық тәртіп, заңның үстемдік етуі. Жолдауда сот төрелігі әділ болуы үшін судьяларды да сайлау арқылы таңдау және үміткерлерді баламалы негізде ұсыну тәсілін енгізу қажет екені айтылды.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы дамыту негізгі мәселе екенін атап өтіп, Үкіметке агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеу жөнінде арнайы тапсырма берілді. Қазақ «нан болмаса ән болмайды» деген сөз бар. Болашақта азық-түлік өнімдері үлкен сұранысқа ие болатыны сөзсіз. Тіпті қазірдің өзінде әлемде астық тапшылығы туындап отыр. Осы орайда, ғалымдардың алдында үлкен міндеттер тұр деп ойлаймын. Жаңа құрылған Ғылым және жоғары білім министрлігі аталған бағытқа баса көңіл бөліп, тың бастамаларды жүзеге асырса, отандық өнімнің табысы да

арта түспек.

Адамның басты байлығы денсаулық екенін ескерсек, қазіргі таңда денсаулық сақтау саласының жағдайы әлі де мез емес. Жолдауда алдағы екі жылда 650 ауылда медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз ету айтылды. Сонымен қатар, ұлттық жоба аясында 32 аудандық аурухана заманға сай жаңарып, ауданаралық көпбейінді мекемеге айналатын болды. Аурудың азабын бір кісідей тартып жүрген шалғайдағы халық үшін бұл үлкен қуаныш деп білемін.

Жолдаудағы болашақ ұрпақ үшін айтылған және бір игілікті бастама – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы. 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатынын жеткізді. Сонымен қатар, Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына бөлінеді. Аталған жоба 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосыла мақ. Әрине, біреулер үшін бұл болмашы дүние көрінуі мүмкін. Бірақ сонау ауылдағы қарапайым халық үшін недәуір көмек деуге болады.

Жалпы айтқанда, Жолдауда айтылған жаңа экономикалық саясатқа қатысты әрбір бастама ел қолдауына ие болары анық. Жаңағы айтылған ауыл шаруашылығы, су мәселесі, жол мәселесі, ұлт саулығы, білім беру салалары бойынша қарапайым халыққа жағдай жасау мейлінше ескерілген.

Рахым ҚОЖАБЕКОВ,
Нұр-Сұлтан қаласындағы «Теплотранзит» АҚ жұмысшысы



ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы осы біраз ойларға жетеледі.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында Қазақстанның дамуының негізгі бағыттарын нақтылы айқындап бергені сөзсіз. Егер қоғамдық институттар мен мемлекеттік органдар, сондай-ақ әрбір азамат осы айтылған міндеттерді орындауға мүдделі болсақ, сөз жоқ еліміз дамудың жаңа жолына түсері айқын.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуы тиіс» деген сөзі көп жайды аңғартады. Яғни, Президентіміз саяси жаңғыруды енді экономикалық жаңғыруға ұластыру қажеттігін айтады. Сондықтан ел-жұрт болып Президенттің жаңа бастамаларына қолдау білдіруге тиісіз.

Қазақ елі үшін қазіргідей күрделі кезеңде бірлік пен келісімнің қажырлы еңбектің орны ерекше

бөлек болмақ. Елдің тағдыры – ел тұрғындарының, өзіміздің қолымызда екенін мейлінше түсінуіміз қажет. Ең бастысы, Мемлекет басшымыз айқын жолды көрсетіп отыр ғой, енді сол игі бастамаларды қолдауымыз керек.

Ал Мемлекет басшысы Жолдауда айқындалған міндеттерді шешу үшін Үкіметке де, жергілікті атқарушы билік орындарына да нақтылы тапсырмалар жүктетеді. Тіпті кейбірінің орындалу мерзімін де атап көрсетті.

Жолдауды айтылған жас аналарға берілетін жәрдемақының мерзімін ұзарту, әйелдердің зейнеткерлікке шығу ерекшеліктерін қысқарту, жер мәселесін әділетті шешу және басқа да мәселелер жұртшылықтың көңілінен шыққаны анық.

Әрине, Жолдаудағы жұртты елең еткізгені, мезгілінен бұрын Президент сайлауы өткізілетіндігі болды. Бұл жолғы сайлау ерекше маңызды болмақ. Өйткені ел тағдыры таразыға тартылады. Сондықтан, әрбір қазақстандық елдің келешегіне жанымыз ашыса, Мемлекет басшысының қолға алған реформаларына қолдау білдірейік демекпін. Түсіне білген адамға, бұл реформалар дамудың даңғыл жолын ашады деп ойлаймын.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



Елордада жасыл желек отырғызу ісі бір сәтке де тоқтаған емес. Сала мамандары жыл он екі айы бойы тыным таппай еңбек етеді. Нәтижесінде, қаламыз жылдан-жылға көріктеніп қана қоймай, тыныс алып жүрген ауамыз жақсарып, экология тазарып, шаһарымыз ажарланып келеді.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Бас қаланы көгалдандыру ісіне осындағы төрт аудан әкімдіктері де белсене атсалысуда. Сарыарқа ауданы әкімінің аппаратындағы коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы Жансейіт Тынбаев осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталды.

– Жыл басынан бері аудан аумағында 2528 ағаш отырғызылды. Жалпы, 2022 жылы 15 200 дана жасыл желек отырғызу жоспарланған болатын. Осы іске біздің аудан аумағында орналасқан барлық мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың қызметкерлері жұмыла атсалысып келеді. Бұл жұмыстар әлі де жалғаса береді. Айналамыз көгалданса көңіл жайланып, табиғатпен әлдебір үйлесімділікті байқаймыз, – деді Ж.Тынбаев.

Бүгінгі таңда Сарыарқа ауданы аумағында 54 сквер мен қоғамдық кеңістіктер бар. Отырғызылған ағаштар саны 52687 дана болса, жалпы аумағы 17608 шаршы метр жерді гүлзарлар және 707506 шаршы метрді көгал жабындылары алып

жатыр. Аудан аумағындағы Ш.Бейсекова, К.Байсейітова, Ақмола, Ұлытау, Моншақты, Серкебаев, Қайыңды көшелері, 189-көше көшелері мен Суворов гүлзары, «Көктал» саябағы, №20 мектеп, қалалық әкімдік және т.б. жерлерде көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Жасыл көшеттерді күту бойынша ауданда ағаштарды өктеу, ұшар бастарын кесу және қалыптастыру, шарбақтарды қырку, суару, шұңқырларды орнату және отау, көгалдар мен ағаштарды күту бойынша барлық өндірістік жұмыстар кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр.

Бас маманның айтуынша, жыл басынан бері «Астана-Көгалдандыру құрылысы» ЖШС мердігерлік ұйымымен С.Сейфуллин, Д.Бабатайұлы, М.Әуезов, Қарғалы, Бейбітшілік, Титов, Ә.Мәмбетов, Т.Бигелдинов, Ш.Бейсекова көшелері мен Республика және Бөгенбай батыр даңғылдарының бойында 17 364 жасыл желек отырғызу жұмыстары жүзеге асырылуда. Ал «Абат Сервис ЛТД» ЖШС жұмысшылары 289 аула аумағында 3158 ағаш пен бұталарды отырғызуда. Барлық скверлер

мен қоғамдық кеңістіктерде, көшелерде және «Көктал» саябағында 13657 шаршы метр жерге 641879 дана петуния, тагетис отырғызылған болатын. Алдағы уақытта осы біржылдық гүлдердің орнына көпжылдық өсімдіктерді көбейту жоспарланып отыр. Бүгінге дейін қалалық әкімдікке қарама-қарсы орталық алаң сыйды көпжылдық гүлдер отырғызылды. Күзгі кезеңде 1000 шаршы метр аумаққа 40 мың дана көпжылдық гүлдер және шамамен 1900 дана ағаш отырғызу жалғастырылады.

Жол жағалауларына отырғызылған ағаш пен бұталар, гүлдер мен көгал ауадағы көмір қышқыл газды сіңіріп, ауаны оттегімен байытады, шуды азайтып, мекенжайды желден, күннен және шаңнан қорғайды. 1 га жасыл алқап 1 сағатта ауадан 8 кг көмір қышқыл газын бойына сіңіретінін ескерсек, кейбір ағаштар өздері айналасына тарататын фитонцидтері арқылы ауадағы зиянды микроор-

ганизмдерді жойып, оны адамның денсаулығына қолайлы иондармен байытады. Мұндай ағаштар қатарына қылқан жапырақты қарағай, шырша, Сібір балқарағайы, тағы басқа жатады. Көгалдандыру жұмыстарын жүргізгенде міндетті түрде көгалдандырылатын алқаптың ауа райы, топырақ құрамы, жер бедері сияқты ерекшеліктері ескеріледі, суаруға қажетті су көздері қарастырылады. Осы факторлар бойынша отырғызылатын өсімдіктер құрамы да анықталады. Орман ағаштары мен бұталар көшеттері, шөптесін өсімдіктердің жас өркендері мен тұқымдары әр аймақта орналасқан питомниктерден алынады. Мамаңдардың айтуынша, қаланың гүлденуін күздің қара суығына дейін сақтап тұру үшін арнайы көп жылдық гүл көшеттері отырғызылуда.

Көгалдандыру жұмыстары Байқоңыр ауданында да ерекше белсенділікпен жүргізілуде. Аталмыш аудан әкімдігінің өндірістік-техникалық бөлімінің маманы Абай Зайдильдиновтың сөзіне сенсек, аудан аумағында ағымдағы жылы 1127 дана ағаш егіліп, орамшылқ аумақтарда 300-ден астам көшет отырғызылды. Сонымен қатар, біржылдық, көпжылдық гүлдер мен бұталарды отырғызу жұмыстары жүргізілді, ағымдағы

жылы барлығы 5246 шаршы метр жерге – біржылдық, 1 500 шаршы метр аумаққа көпжылдық ағаштар және 2 957 дана бұталар отырғызылды. Санитарлық кесу, қалыптау, арамшөптерді шабу, химиялық өңдеу және тыңайтқыштармен ұрықтандыру сияқты жасыл желектерге күтім жасау жұмыстары күн сайын жүргізіліп жатыр. Ағымдағы жылы осы аудандағы әскери-тарихи мұражай аумағы, А.Бараев, Кравцов, Уәлиханов, Кенесары, Тәшенов көшелерінің бойы мен Б.Бейсекбаев көшесіне Егемен Қазақстан көшесіне дейінгі гүлзар, Қаламгерлер аллеясы, Пушкин көшесіндегі №1 үйдің жанындағы гүлзар, «Күтқарушылар» саябағы, Ғұмар Қараш гүлзары маңында көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Есіл ауданының аумағында жалпы ауданы 166,2 гектарды құрайтын 6 саябақ, 41 сквер, 2 бульвар 1 ботаникалық бақ бар. Олардың жалпы ауданы 393,2 гектарды құрайды. 2022 жылдың басынан бері аталмыш ауданда 14385 дана қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар, сондай-ақ бұталар егілді. Көктемгі экологиялық айлық аясында аудан аумағындағы Қ.Мұхамедханов, Ақмешіт, Түркістан, ЕК32, Рысқұлов көшелерінің бойына, ботаникалық бақ пен «Үркер», «Тельман» елді мекендеріне барлығы 5230 тал-терек отырғызылды. Жасыл желектерді күтім ұстау жұмыстарын 5 мердігерлік ұйым, атап айтсақ, «Астана-Көгалдандыру құрылысы», «Жасыл жер», «Қуат и А», «Маржан-а декор» ЖШС-лары мен «Роза жеке кәсіпкерлігі жүзеге асыруда.

Елордада ерте көктемнен бастап, күрен күзге дейін көздің жауын алатын сан түрлі гүлдер жайқалып тұрады. Баптаудың арқасында едәуір бой түзеп қалған қылқан жапырақты және жай жапырақты қыруар ағаш аптап ыстықта адамдарға көлеңке болып, жанға сая береді. Бұл жұмыстардың бәрі қала тұрғындары мен елорда қонақтарының жайлылығы үшін жасалып жатқаны куантанды.

Тұрғын үйдегі жылытуды көмірден көгілдір отынға ауыстыру кезінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін материалдық көмек қарастырылған. Алматы ауданындағы 250 отбасының 230-ға жуығы осындай жеңілдікті пайдаланып отыр. Қалалық мәслихаттың шешімі бойынша қала бюджетінен осы мақсатта 103 млн теңге бөлінген болатын.

ГАЗДАНДЫРУ ҮНЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ



Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимовтың айтуынша жыл басынан бері елорданың 16 әлеуметтік нысаны газға қосылған. Депутаттар бекіткен ақшалай өтемақы мөлшері 163 мың теңге емес, 430 мың теңгеге теңелді. Сонымен қатар, тұрғындардың газға қосылу үшін жинайтын тиісті құжаттарының тізімі қысқартылды.

Алматы ауданына қарасты елді мекендерде тұратын әлеуметтік осал топтағы дәл осындай көмекке зәру әлі 700-ге жуық тұрғын бар. Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына аудан әкімдіктерімен бірлесіп отырып, алдағы бюджетті нақтылау кезінде қажетті соманы қарастырып, бөлу үшін жеңілдікпен қосылуға қажет ететіндерге толық талдау жасау тапсырылды. Сондай-ақ қала тұрғындары арасында ақпараттық жұмысты күшейту керек-ақ.

Шынтауына келгенде, жылытуды газға көшіру қоршаған орта үшін ғана емес, қала бюджетіне де әлдеқайда тиімді. Қала басшысының айтуынша газдандыру елорда бюджетінен 3,5 есе үнемдеуге мүмкіндік береді екен. Егер бұрын жылу беру маусымында бұл нысандар 1 миллиард 420 миллионға дизельдік отынды тұтына, енді шығын 440 миллионнан аспайтынын айтады сала мамандары.

Бүгінде Алматы және Сарыарқа аудандарында осал топтағы дәл осындай көмекке зәру әлі 700-ге жуық тұрғын бар. Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына аудан әкімдіктерімен бірлесіп отырып, алдағы бюджетті нақтылау кезінде қажетті соманы қарастырып, бөлу үшін жеңілдікпен қосылуға қажет ететіндерге толық талдау жасау тапсырылды. Сондай-ақ қала тұрғындары арасында ақпараттық жұмысты күшейту керек-ақ.

Шынтауына келгенде,

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ

Күн суытып, түн ұзарды. Жел күшейіп, жауын-шашын көбейіп, күрең күздің көңілсіз күндері басталғалы бері қала тұрғындарымен бірге коммуналдық шаруашылық мекемелері де қысқа әзірлік жұмыстарын қызу қолға алды. Елордада жылыту маусымына дайындық жоспарлы түрде жүргізілуде.

Бас қала аудандарында алдағы қысқы маусымға дайындық жұмыстары басталды. Бұл ретте алдымен арнайы техникалардың сақадай-сай болуына басымдық берілуде. Осыған орай, Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлы тұрғын үй-коммуналдық саладағы органдармен, коммуналдық қызметтермен және қызмет көрсететін ұйымдармен биылғы жылыту маусымына дайындық бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Мамандардың мәлімдеуінше, жалпы аудан бойынша 800-ге жуық үйде жылыту маусымына дайындық жұмыстары

жүргізілсе, жылу желілері жаңа маусымға 90% дайын.

Алматы ауданының аумағында 82 әлеуметтік нысан орналасқан, олардың дайындығы да жаман емес, 95,1%-ды құрайды. Ауданның 5 тұрғын алабында, атап айтсақ, «Железнодорожный», «Промышленный», «Интернациональный», «Күйгенжер», «Мичурин» елді мекендерінде де дайындық жұмыстары қызу жүргізілді. Алматы ауданының әкімі аппаратының қызметкерлері «Астана Теплотранзит» АҚ-мен бірлесіп көшпелі бақылау іс-шараларын өткізіп жатыр.

Байқоңыр ауданы да бұл іске белсене атсалысуда. Жақында аудан әкімі Ерлан Жаулыбаев арнайы техниканың қысқы санитарлық-тазалау жұмыстарына дайындығын тексерді. Тексеріс барысында белгілі болғанындай, бүгінгі күні ауданның санитарлық тазалығына көшелерді жинау бойынша 11 мердігерлік ұйым, төртеуі – орамшылқ аумақтарды жинау бойынша және біреуі – саябақтарды, скверлерді және қоғамдық кеңістіктерді жинау бойынша тартылған. Мамандандырылған техниканың жалпы саны 257 бірлікті құрайды, оның ішінде автогрейдерлер,



табанды тиегіштер, фронтальды тиегіштер, құм шашқыштар, шағын тиегіштер, самосвалдар және тағы басқалар.

Ерлан Жаулыбаев аудан аумағындағы қар полигондарына барып, дайындық жұмыстарының барысын тексерді, оған бақылау пункті әкелініп, орнатылады, жарықтандыру мен бейнебақылау

камераларын монтаждау үшін тіректер орнатылады. Бүгінгі күні бұл жерге барлығы төрт сыртқы бақылау камерасы орнатылған, олар күндізгі және түнгі режимде жұмыс істейді. Бақылау камерасының біреуі кіреберісте және рейстердің белгі қою пункінде, екеуі шығар жерде орнатылған. Қыста қар әкелу фактілерін тіркеу

үшін мемлекеттік нөмірлерді тану бағдарламасы да орнатылып, іске қосуға дайын тұр.

Тексеріс қорытындысы бойынша аудан әкімі жауапты мамандарға қалың қар жауған, төтенше жағдай туындаған, тығырықтан шыққан және басқа да бірқатар кездейсоқ жағдайларда қысқы маусымға дайын болуы үшін алдын ала

арнайы штабтық оқу-жаттығуларын өткізу бойынша тиісті тапсырмалар берді.

Қысқы жылыту маусымына Есіл ауданындағы нысандардың дайындығы әзірге 80%-ды құрап отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де тоқтаусыз жүргізілуде. Осы жөнінде МИБ төрағаларымен болған кездесуде кеңінен сөз болды.

Кездесуге қатысқан «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның өкілі, жылу тораптарының апаттық жағдайы тұрғын үйлердегі жылыту өшіруге әкеліп соғуы мүмкін екенін еске салып, тұрғындарды МИБ төрағаларымен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Қақаған қыстың ортасында апаттың орын алмауы үшін алдын алу шараларын ертерек ойластырылуы керек. Осыған орай, аудан әкімдігіндегілер ауқымды дайындық жұмыстарының тығыздығы әрі сапалы жүргізілуін қатаң бақылауға алатын болды.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ**РИМ ПАПАСЫНЫҢ
ҚАЗАҚСТАНҒА
АЛҒАШ КЕЛУІ**

Осыдан тура 21 жыл бұрын, 2001 жылдың 22 қыркүйекте Ватиканның сол кездегі билеушісі – Иоанн Павел II Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың шақыруымен Астанаға келді. Католик шіркеуінің басшысы елімізге табаны тиісімен қазақ топырағын сүйді. Салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін елордадағы «Отан-Ана» ескерткішінің жанындағы алаңда ашық аспан астында қасиетті уағызын өткізді. 23 қыркүйекте астаналықтар мен қала қонақтары қасиетті әкейді көруге алаңға қарай ағылды. Ол жерде 20 мыңға жуық адам жиналды. Сол оқиғаны өз көзімен көрген жандардың бірі едім. Уағыз өтетін жерде – «Отан-Ана» ескерткішінің алдына қазақтың киіз үйін сахна ретінде тігіліпті.

БАҚ өкілдері сахна-киіз үйге қарама-қарсы жерден салынған бақылау нүктесінен алаңдағы оқиғаны тамашаладық. Рим Папасы мінген папамобиль алаңды бір айналды шығып, төрге жақын жерге тоқтады. Қасиетті әкей өзінің орнына жайғасқан соң, уағыз басталды. Әуелеген әдемі әуенге жиналған жұрт түгел қосылды. Рәсімге келгендер әулие әкейді ұйым тыңдады. Тіпті, 3,5 сағатқа созылған уағыз аяқталса да, алаңнан ешкім кетпеді. Папа ең алдымен, қазақша одан кейін орысша, немісше және поляк тілдерінде сөйледі.

**АБАЙДЫҢ ҚАРА
СӨЗДЕРІНЕ
ҚЫЗЫҚҚАН ПАПА**

Рим Папасы Иоанн Павел II бүкіл дерлік еуропалық тілдерді меңгергені мәлім. Өйткені ол әрбір елге келгенде уағыздарын сол халықтың тілінде оқытты. Қазақстанға дейін 126 мемлекеттің дәмін татып, суын ішкен Папа Орта Азияда алғаш рет бізге келді. Сол сапарда католиктер көсемінің қазақша үйреніп, қазақ тілінде құттықтау сөз сөйлегенін өз құлағымызбен естідік. Демек, ол – әр елге баратын сапарына ерекше ықыласпен дайындалады деген сөз. 81 жастағы Понтификтің күллі әлемге қазақты танытқан ұлы ойшылымыз Абай Құнанбайұлының қара сөздерін мысалға келтіріп, жер бетіндегі барлық ұлттар мен діндерді өзара түсіністік пен бейбітшілікке үндегені көпшілікті таң қалдырды. Ұлы Абайдан кейін ол Қожа Ахмет Ясауидің даналық сөздерін оқыды. Сөйлеген сөзінде Баласағұн, Меркі, Құлан, Тараз, Отырар, Түркістан сияқты қасиетті жерлерге қатты қызығатынын жасырмай айтты.

21 жыл бұрын болған сапарында Қасиетті Тақтың билеушісі Қазақстанға екі түрлі мақсатпен келді. Бірінші мақсаты – еліміздегі католиктердің діни бостандығына кепілдік алып беру еді. Ресми Ватикан бұл келісімді Конкордат деп атады. Назар аударатын жайттың бірі, ТМД көлемінде және Орталық Азия елдері арасында Қазақстан Қасиетті Тақпен бірінші болып келісімге қол қойып, ең сенімді

ДІНБАСЫЛАР ЕЛОРДАДА БАС ҚОСАДЫ

2022 жылғы 14-15 қыркүйек күндері елордамыздағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі өтеді. VII съездің негізгі тақырыбы «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» деп айқындалған. Бұл жолғы діни форумның бұрынғылардан бір өзгешелігі – «Бейбітшілік пен бірліктің елшілері» деген ұранмен Рим Папасы Францисктің Қазақстанға келуі. Рим Папалары тарихында 2-католиктер көсемінің Қазақ елінің топырағына аяқ басыуы алдында тарихта аз-кем шегініс жасап, өткен күндерге көз жүгіртіп көрейік.



Алдағы жұма күні, яғни, 16 қыркүйекте елорда тұрғындары мен қонақтары еліміздің ең үлкен мешітінде Ислам әлемінің ең танымал, беделді тұлғаларының бірі – Ахмед ат-Тайебтың қасиетті жұмада айтатын уағзын тыңдай алады

серіктестері қатарына кірді.

Екінші мақсаты – пасторлық сапары. Бұл сөзді шіркеу баспасөз орталығының журналистерге берген жауаптарынан аударып алдық. Қасиетті Апостол Петрдің мұрагері еліміздегі католиктердің рухын көтеріп қана қоймай, мұсылман бауырларына да өзін сыйлата алатынын дәлелдеді. Дәлелдегені сол, үш күнде Папа елорданың көрнекті жерлерінде 2 уағыз, 10 шақты кездесулер өткізді. Шейт болғандардың рухына тағзым етті. Әділетсіздіктен қасірет шеккендер мен азапталғандарға арнап дұға оқыды. Сол оқиғалардың бәрінде жанында өзімен ілесіп келген 50 журналисті бірге жүрді. Сол жолы Рим Папасының Қазақстанға сапарынан 300-ге тарта шетелдік журналист ақпарат таратты.

**РИМ ПАПАСЫ
ФРАНЦИСК КІМ?**

Енді Рим Папасы Франциск туралы аз-кем дерек келтірейік. 2013 жылы 13 наурызда Рим Папасы болып сайланған Хорхе Марио Бергольо Әулие Францисктің құрметіне Франциск (лат. Franciscus) есімін алды. Бұл атау Папалар тарихында бірінші рет қолданылды. Франциск иезуит орденінің ұсынған алғашқы Папа және Жәңгіл әлемнен шыққан алғашқы Папа. Франциск 1936 жылдың 17 желтоқсанында Буэнос-Айрес қаласында италияндық эмигрант отбасында дүниеге келген. Бес баланың ішіндегі кенжесі. Химик-технолог мамандығына оқып, диплом алған. Буэнос-Айрестегі

Вилья-Девото семинариясында білім алған. 1958 жылдың 11 наурызында иезуиттер орденіне кіреді. Новициатты Чилиде (гуманитарлық ғылымдар) өтеді, осыдан кейін білімін Буэнос-Айрестегі Әулие Иосиф атындағы колледжде жалғастырады. Осы жерде философия бойынша лиценциат дәрежесіне ие болады. Буэнос-Айрестегі үш католиктік колледжде әдебиет, философия және геология пәндерінде сабақ жүргізеді. Ислам тілінен бөлек италиян және неміс тілдерінде еркін сөйлейді.

Франциск қатардағы дін қызметкерінен Рим Папасына дейінгі үлкен өмір, тәжірибе жолын жүріп өтті. Рим папасы өзінің бір сөзінде: «Жамағатты Шіркеуге шақыру сияқты қабілетім бар екендігін білмеген күндері Аргентинадағы түнгі клубтарда «ұрдажық» қызметін атқарғанмын, сондай-ақ еден жуушы мен лаборант та болған күндерім бар» деп ағынан жарылды. Иезуиттік, епископтық, кардиналдықы қызмет сатылары арқылы жоғары өрлеп, халықаралық беделі өсе берді. Рим Папасы Франциск 2013 жылдың 19 наурызында таққа отырды. Ол Қасиетті Тақты басқару тарихында бірнеше реформалар енгізді. 2018 жылдың аборт пен эвтаназияға қарсы болды. Нью-Йорк губернаторы (АҚШ-та халқы саны бойынша 4-орында) Эндрю Куомо Папамен бірігіп, штатта өлім жазасын жою туралы заң жобасын енгізді.

Франциск Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан XII Пий понтификатының құжаттарын ерте құпиясыздандырды. Кардинал Бергольо өзінің дінбасыларын аборт пен эвтаназияға қарсы сөйлеуге шақырды. Ол 2010 жылы Аргентина үкіметі бір жынысты некеге рұқсат беру туралы заң шығарғанына үзілді-кесілді қарсы болды. Бергольо некесіз туылған балаларды шомылдыру рәсімінен бас тартқан діни қызметкерлерді сынап отырып, некесіз қиылмаған аналардың түсік жасатудан гөрі баланы дүниеге әкелуі үшін дұрыс саясат жүргізді, шіркеу олардан қашпауы керек деп сендірді. «Форбс» журналы жариялаған әлемдегі ең беделді адамдар тізімінде 2018 жылы Рим Папасы Франциск 6-орында тұр. 2014 және 2015 жылдары ол рейтингтің 4-сатысында болған.

**СЪЕЗДЕР ТАРИХЫ –
ДИАЛОГ ТҒЫРЫ**

Әлемдік және дістүрлі діндер көшбасшыларының алғашқы съезі 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Астанада өтті. Сол жолғы алқалы жиынға қатысушылар құрылтайды 3 жылда 1 рет өткізуге шешім қабылдады. Алғашқы басқосуға әлемдегі 18 діннің 120-ден аса делегациясы келді. 2006 жылы қыркүйек айында «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» деген атаумен өткен жиынға дүние жүзінің 20-дан аса елінің дінбасылары мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Осы съезде елордамызда Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығын құру туралы бастама қолдау тапты. 2009 жылы күзде Астанада өткен үшінші съезге әлемнің 40 мемлекетінен 80-ге жуық делегация келді. Бұл жаһандық мәселелерді талқылайтын алаңды күллі әлем мойындап, съездің халықаралық беделінің өскенін көрсетті. 2012 жылы 30-31 мамырда бас қаламызда «Адамзат таңдауы – бейбітшілік пен келісім» деген атаумен әлемдік және дістүрлі діндер көшбасшылары тағы бас қосты. Бұл съездің бір ерекшелігі, Дін көшбасшылары кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Қалыптасқан үрдіспен жиынға қатысушылардың үндеуі жарияланды. Дін көшбасшылары барша адамзатты ортақ планетамыздың болашағы үшін өзара іс-қимылға, әділеттілік пен жасампаздыққа шақырды. Үш жылдан кейін бесінші съезд тағы да Қазақстанның астанасында жалауын желбіретті. 2015 жылдың 10-11 маусымында елордамызға 44 елден келген 112 делегация өкілдері әлемдегі татулық пен қауіпсіздік мәселелерін ашық талқылады. Дінаралық саммитте «Діни көшбасшылар заң шығараткерлер бейбітшілік пен даму жолында» деген тақырып кеңінен талқыланды. Ал алтыншы съезд 2018 жылы 10-11 қыркүйекте өтті. Съезге қатысушылар Тәуелсіздік сарайы жанындағы «Бейбітшілік қабырғасы» маңында ортақ дұға жасау рәсіміне қатысты. Әртүрлі дін өкілдері жер бетіндегі бейбітшілік пен амандық үшін дұға жасады. Съезд қорытындысы бойынша қабылданған Декларацияда әлемдік БАҚ өкілдерін терроризм мен дінді теңдестіру-

ден бас тартуға, бейбітшіліктің құндылығын, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілер мен қоғамдық жиындарда өзара түсіністік пен сыйластықты ілгерілетуге үндеді. Соңынан 7-съезді 2021 жылы елордада өткізу туралы шешім қабылданды. Алайда пандемияның әлемде етек алуынан басқосуды өткізу кейінге шегерілді.

**БҮЛ СЪЕЗД БҰРЫНҒЫДАН
ӨЗГЕРЕК...**

VII съездің қарсаңында, 13 қыркүйек күні Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының спикері, Әлемдік және дістүрлі діндер лидерлерінің съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен съезд хатшылығының XX отырысы өтеді. Съезд шеңберінде 14 және 15 қыркүйек күндері форумның секциялық отырыстары форматына енгізілген бірқатар өзекті тақырыптық блоктарды қарау жоспарлануда.

14 қыркүйек күні Тәуелсіздік сарайында Әлемдік және дістүрлі діндер лидерлері VII съезінің пленарлық отырысы өтеді. Ертеңге, яғни, 15 қыркүйек күні VII съездің секциялық отырыстары және жабылу рәсімі болады. Съезд жұмысына әлемнің 50 елінен 108-ден астам делегация, оның ішінде ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, зороастризм, синтоизм, сондай-ақ саясат және қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар қоғамдастығы қатысады деп күтілуде. Сонымен қатар, діни форумға қазақстандық және шетелдік БАҚ өкілдері көп келеді. Ресми мәлімет бойынша қазірдің 188 шетелдік журналист тіркелген, оның ішінде Euronews, BBC, CNN, Bloomberg, Al Jazeera және т.б. бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар.

Алдағы діни форумның ерекшелігі – Рим Папасы Франциск, әл-Азхардың жоғарғы имамы шейх Ахмед ат-Тайеб, Израильдің Ашкенази раввині Давид Лау және басқа да мәртебелі меймандардың елордаға сапарында деуге негіз бар.

ҚМДБ-ның баспасөз хатшысы Ағабек Қонарбайұлы 16 қыркүйекте елордадағы Республикалық бас мешітте Әл-Азхар шейхы, Жоғарғы имам Ахмед ат-Тайебтың жұма уағзынын айтатынын хабарлады. Бұл – еліміздегі мұсылмандар үшін айтулы оқиға екені сөзсіз. Себебі Жоғарғы имам жетекшілерінің ең жоғары атағы.

Ахмед ат-Тайеб туралы А.Қонарбайұлы былай деп жазды: «Тарихқа көз салсақ, 1679-2022 жылдар аралығында 50 дін қайраткері әл-Азхардың Жоғарғы имамы болды. Алғашқылары Мұхаммед әл-Хараши, Ибрагим әл-Бармауи, Мұхаммед ан-Нашарти болса, 1980 жылдардан бастап Мұхаммед Әбдірахман Бисар, Джад әл-Хак, Мухаммад Саид Тантауи және



Съезд барысында Рим Папасының ресми сапары 14 қыркүйек күні ЭКСПО аумағында кең ауқымды діни Мессамен жалғасады – Рим-католик шіркеуінің латын ғұрпындағы негізгі литургиялық қызметі өтеді. Мессаға кез келген дін мен конфессия өкілдері қатыса алады

Ахмед ат-Тайеб бұл атаққа ие болды. Сондай-ақ шейх Ахмед ат-Тайеб – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ұрпағы. Дін қайраткері саяхат сахаба Әли ибн Әбу Тәліп пен Фатима анамыздың ұлы Хасаннан (Алла баршасына разы болсын) тарайды. Ол 2010 жылы тарихи тұрғыдан ислам әлемінің негізгі білім, ғылым және рухани орталықтарының бірі – әл-Азхардың Жоғарғы имамы атанды. Әрі ол бұрын университетті өзі де басқарған, сонымен қатар Мысырдың бас мұфтиі болған.

Алдағы жұма күні, яғни, 16 қыркүйекте елорда тұрғындары мен қонақтары еліміздің ең үлкен мешітінде Ислам әлемінің ең танымал, беделді тұлғаларының бірі – Ахмед ат-Тайебтың қасиетті жұмада айтатын уағзын тыңдай алады.

Съезд барысында Рим Папасының ресми сапары 14 қыркүйек күні ЭКСПО аумағында кең ауқымды діни Мессамен жалғасады – Рим-католик шіркеуінің латын ғұрпындағы негізгі литургиялық қызметі өтеді. Мессаға кез келген дін мен конфессия өкілдері қатыса алады. Әлемдік және дістүрлі діндер лидерлерінің алдағы VII съезі аясында да бірқатар арнайы шаралар өтеді. Соның бірі – көпұлтты оркестр құру болып табылатын «Music of the World» («Әлем музыкасы») музыкалық жобасы. Оның миссиясы – сан алуан ұлттар бірлік пен келісім-деуімізді еліміздің халқының алуан түрлілігінің құндылығын тағы бір рет көрсету. Бұл бастама Гиннестің рекордтар кітабына әлемдік рекорд ретінде жазылды.

Сонымен қатар, елордада табиғи және демалыс саябағы құрылады. Саябақты салуға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген сәулетшілер, урбанистер және ландшафты дизайнерлер арасында байқау ұйымдастырылды.

Қонақтарды күтіп алу және керек тілге аудармамен көмектесу үшін 100-ден астам еріктілерден тұратын арнайы топ құрылған. Бұл топтың барлық мүшелері ағылшын тілінде сөйлейді, ал кейбіреулері араб, түрік, қытай, парсы және т.б. тілдерді біледі. Жалпы съезд жұмысына 500-ден астам ерікті жұмылдырылады.




(Соңы. Басы №107 (4385) санында)

Бұл БК(б) Орталық Комитетінің 1931 жылғы «Бастауыш және орта мектептер туралы», 1932 жылғы «Бастауыш және орта мектептердің программалары мен режимі жайындағы» қаулыларында да атап айтылды. Бағдарлама жасау мен оқулықтар жазу проблемасы әдебиеттану ғылымына тірелетін болса, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі ғылыми-зерттеу еңбектің міндетін қатар атқарды. Осы дәрежеде көрінген алғашқы еңбек С.Мұқановтың 1932 жылы шыққан «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулығы болды. Бұл Алаш арыстары шығармашылығына арналған тұңғыш монографиялық сипаттағы зерттеу болумен қатар, ғасыр басындағы әдебиетті ғылыми тұрғыда тексеруге бастама салған да еңбек еді.

1930 жылдан бастап XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетті менсінбеушілік, жете бағаламаушылық болды. XX ғасырдың басындағы әдебиетті идеялық-көркемдік дәрежесі төмен, ескішіл, ұлтшыл әдебиет деп бағалау орын алды. Әдебиет саясаттың құралына айналды. Сол кездегі әдебиет өкілдерінің, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына да дәл осы тұрғыдан баға берген еңбектің бірі – Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбегі. Сәбит Мұқанов А.Байтұрсынұлының Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқын надандықтан серпілуге сіндірген еңбегін жоғары бағалайды. Ақаңның қазақ мектебіне, қазақ тіліне қосқан үлесіне де өзіндік әділ бағасын береді. Бірақ, Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының «Алаш» партиясын құрушылардың бірі болғанын, Советке қарсы кезінде өлең, мақала жазғанын кешіргісі келмейді. «Бірақ негізінде байшыл Ахмет Октябрьден кейін жалпы пролетариат үстемдігіне, оның ісіне, қазақ еңбекшілерінің үстемдігіне қарсы болды. Сондықтан Тоғжанов Раббас жолдасты «еңбекші бұқара – бір кезде сары маса болып, ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді» демейді, Ахметтің еңбегін бағалаймыз, бірақ оны қастерлемейміз. Ол кезде төңкерісшіл болғанмен, қазір біздің тап дұшпанымыз» деп таптық тұрғыдан бағалайды. Әрине, бұл пікірдің заман ыңғайымен айтылғаны айтпасақ та түсінікті.

Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулық XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін, С.Мұқанов шығармашылығын тексерген ғылыми-зерттеулерде әртүрлі баға алып келді. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтардың мұраларын алдағы уақытта ғылыми жолмен зерттеу барысында да артық-кем айтқан пікірлері сараланды. Әйтсе де, отызыншы жылдардағы әдебиет тарихын зерттеу ісінде оқшау тұрған және әдебиет тарихында белгілі себептерге байланысты орағытылып өтіліп келген еңбектің мақсатына және объективті сипатына, ғылыми жетістігі мен қате-кемшілігіне назар аудармасқа болмайды. Себебі сол кездің өзінде-ақ қазақ әдебиеті тарихының ең біртүрлі кезеңі дәуірге бөліп зерттеуге батыл қадам жасаған, сол дәуір әдебиетінің басты сипаттарын ашуға талпынған, «әрбір ақынның, жазушының өмірбаянын, бір-бірінен өзгеше әдісін, ақындық күшін, түрін, шығармаларының мазмұнын, не туралы жырлағанын» көрсетуді басты мақсат тұтқан еңбек



АХМЕТТАНУ ІЛІМІНІҢ БАСТАУЛАРЫ

болды деп бағаланды.

Шынына келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымында осы сипаттағы оқулықтардың жазылуына, яғни қазақ әдебиетін тарихи курс ретінде жүргізуге алғашқы бастаманы да С.Мұқановтың осы оқулығы жасады. Сонымен қатар, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин еңбектерінен кейін әдебиет тарихын зерттеу саласында өз кезеңі үшін белгілі бір міндетті атқарған ғылыми-зерттеу дәрежесінде де көрінді. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолында автор бірнеше міндеттер қояды. Осылардың ішіндегі ең маңыздылары: қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, маркстік-лениндік әдіснамаға сай оның халықтық және таптық сипатын ашу болғанын анық байқауға болады. Бірақ, тексеріп отырғаны осы дәуірдегі «ұлтшылдық әдебиет» болғандықтан, ақын-жазушылардан ұлтшылдық сарын іздеуге көп көңіл аударылып кеткен.

Бұл оқулықтың үлкен де басты кемшілігін сол кездің өзінде Е.Бекенов: «Кемшілігі бар тексеріс сындар М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ғ.Қарашұлы, әсіресе С.Торайғырұлы, М.Әуезұлы туралы сынның кемшілігі көбірек үшырайды. Бұл кемшіліктердің кейбірі империализм дәуіріндегі байшылдық-ұлтшылдық пен социализм дәуіріндегі байшыл-ұлтшылдықты айырмай бірдей бағалап кетуі, ұлтшылдық неден тұрғандығы, жаңа байлар табы үстем тап болуға айналды, жаңашылдық күшті болды деген сияқты негізгі кемшіліктерден тұған кемшіліктер» деп біржақты болса да атап көрсетіп берді. Солай дегенмен, сыншы С.Мұқанов бұл ақын-жазушыларды сынауда, ұлтшылдығын ашуда кемшілікке салынып, «төңкеріске қарсы істерін көрсетудің орнына, пролетариат төңкерісін түсінбеді деп өкпе айтады» деген қорытынды шығарған.

Бұл тұжырымға қарап, С.Мұқановтың ғылыми-зерттеушілік жұмыс саласында теориялық білімнің жетіспеуі мен «ұлтшыл-алашордашылыққа»

қарсы күрестің ықпалынан сыңаржақ социологиялық, солақай сынға бой ұра отырғанымен, тексеріп отырған дәуір әдебиеті мен ақын-жазушылар туралы бар мүмкіндігінше әділ баға айтуға талпынғанын аңғарамыз. С.Торайғыров, М.Әуезов, Б.Күлеевтер туралы айтқан кейбір дұрыс пікірлерді жылай қойғанда, «Алашорда» дей отырса да М.Жұмабаевты қазақтың талантты ақындарының бірі деп бағалайды. «Қазақтың тілін байытуде, әдебиетке жаңа түрлер енгізуде оның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжанның асқан поэзия жоқ» дей келе, оның қазақ поэзиясының көркемдік әлеміне қосқан екі еңбегін атап көрсетеді:

«1. Абай қазақ әдебиетіне Еуропа түрлерін шет пұшақтап енгізсе, Мағжан дендеп енгізді.

2. Алған теманың пікірін өрбіту ретінде кейінгі жазушыларға жол ашты. Мағжан өлеңдерінің сыршылдық (лирика) жағы күшті келеді».

Ал автор өзінің осы оқулықтағы сыңаржақ солақайлықпен айтқан қате тұжырымдары жайлы сол отызыншы жылдардың өзінде-ақ айтып қалып отырды. 1936 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағының алғы сөзінде: «Мағжан төңкеріске қарсы «алашорданың ақыны» болғандықтан одан кейінгі үлгі алуды өзіме залал деп ұқтым. Бұным солақайлық еді» деп жаза келе, «Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде менің бірнеше қате сілтеген кездерім болды» деп ашық айтты.

Жалпы С.Мұқановтың әдебиетші, зерттеуші ретіндегі тұлғасының қалыптасу жолы мен ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің өсу эволюциясынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу, жетілу жолындағы жетістіктер мен қателіктерді анық көруге болады. Бұған С.Мұқановтың сәл кейінірек жазған: «Ол кезде мен саяси шала сауатты едім, ғылымға шалағай едім, менің ол кезде саяси білімім де, жалпы білімім де бастауыш

қазақ әдебиеттану ғылымының кезеңінде әдебиет тарихын дәуірге бөліп тексеру жолындағы жаңа қадам екенін атап айтпауға болмайды.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне» баға бергенде Қазақстанда «ұлтшыл-алашордашыларға» қарсы күрес тек қазақ әдебиеттану ғылымында ғана емес, мәдениеттің барлық салаларында жүргенін және оны тудырған С.Мұқанов емес екені есте ұсталуы қажет. Әдебиеттегі «ұлтшыл-алашордашыларды» әшкерелеу сол кездегі барлық мақалаларда, Ғ.Тоғжановтың, Е.Бекеновтің т.б. еңбектерінде, М.Қайыпназаровтың баяндамаларында ғана емес, Қазақстан өлкелік партия ұйымының қаулы-қарарларында да айтылып қалып отырды. Ендеше, бұл күрестің С.Мұқанов оқулығында көрінуін сол дәуірдегі идеологиялық күрестің әсерінен, заман ағымынан деп түсінген жөн. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл оқулықты әртүрлі ғылыми аспектіде қарастырған Е.Бекенов, Т.Нұртазин, Т.Кәкішев, Р.Бердібаевтар жеке дарындарды бағалаудағы кемшіліктерін ғылыми тұрғыда талдай келіп, алғашқы монографиялық зерттеу деп бағалайды.

С.Мұқановтың әсіре таптық

өшіріп алмау мақсатын көздеген» деп ойлаймыз және сол кездегі таным-білікке негіздей жазбаса еңбегі еш болатынын сезді, жарияланбайтынын білді. Сондықтан социологиялық ой мен сөзді еркін қолданды» деп жазуында үлкен шындық жатыр.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінің «Ұлтшылдық-байшылдық дәуірдің ақын-жазушылары» деп аталатын бөлімінде ұлттық әдебиеттануда бұрын-соңды болмаған монографиялық портрет жасау арқылы зерттеп-зерделеу үрдісін алғаш рет енгізді. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ғ.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б.Күлеев, Ж.Аймауытов шығармашылығына тұңғыш рет ғылыми теориялық талдау жасады.

Қорыта айтқанда, С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқулығы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің әдебиет тарихын тексеруде тереңдей түсуіне әсер еткен, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиет тарихын дәуірге бөліп зерттеудегі ізденісті жалғастырған, XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті дарындарының шығармашылығын тексеруді қолға алу қажеттігін көрсетіп берген, мектептерде әдебиет пәнін тарихи курс ретінде жүргізуіне бастама салған еңбек деген тұжырымға келеміз. Бұған «1988 жылы Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның оң қорытындысы негізінде таңдамалы шығармаларын шығару тапсырылды. Міне, осы шешімді жүзеге асыру кезінде, әсіресе, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері, Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, М.Атымов, Қ.Керейқұлов, Р.Тұрысбековтер 1932 жылғы С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» зерттеуін алдарына жайып қойып, оңтайлы тұстардан жол тауып, арыстардың шығармаларын дайындағандарын білетіндер де, көргендер де бар. Сонда Сәбеңнен басқа қайраткерлерден Алаш ардақтылары туралы қандай еңбек, қандай шығарма табылды? Бас шайқап жоқ деуге тура келеді» деген пікірді қоссақ сөзіміз салмақтана түсетіні анық.

Осы кезеңде жарық көрген оқу құралдары мен оқулық-хрестоматиялар тек әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірге бөлу ғана емес, жалпы әдеби-теориялық, әдеби-тарихи, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің өсу, кемелдену, дәуір талабына сай маркстік-лениндік әдіснаманы игере отырып тереңдеу жолын да көрсетеді деген мәселелердің беті ашылып, қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми арнамен жазу қажеттігін танытқан сәтті ізденістердің бірі болды. Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу процесіне осындай мәнді педагогикалық еңбектердің қандай септігі тигендігін айқындала түсті. Сонымен, осы тараудағы екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі оқу құралдары мен оқулықтарды қарастырғанда, қазақ әдебиеті тарихының мектептік курсы жасалып, әдебиеттану ғылымы туып, өркен жайды деген тұжырымды қорытындыға келеміз. А.Байтұрсынұлы бастаған қалам қайраткерлерінің мектепті оқулықпен қамтамасыз ету, оған жүйелі курс жасап беру тек мәдени-әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, ғылыми-педагогикалық жағынан да айрықша атап өтетін және қазақ әдебиеттану ғылымының туып, енді қалыптасу кезеңіндегі басталғанын танытатын социологиялық-эстетикалық мәнді құбылыс болды.

Жандос СМАҒҰЛ,
филология ғылымдарының докторы, профессор



Сәбит Мұқанов А.Байтұрсынұлының Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқын надандықтан серпілуге сіндірген еңбегін жоғары бағалайды. Ақаңның қазақ мектебіне, қазақ тіліне қосқан үлесіне де өзіндік әділ бағасын береді. Бірақ, Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының «Алаш» партиясын құрушылардың бірі болғанын, Советке қарсы кезінде өлең, мақала жазғанын кешіргісі келмейді

қағидатпен және кеңестік идеология жазылған бұл зерттеудегі Алаш Арыстары туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарына ерекше назар аудару қажет. Ахаң туралы «қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» деген бағасы тәуелсіздік алғаннан бері ұлт ұстазына берген бағалаулардан алыс түсіп жатқан жоқ.

Ф.ғ.д., сәбиттанушы ғалым К.Ахмет осы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» туралы: «Біріншіден, әдебиетке өзінің қолтаңбасымен келгендерді тарих бетінде хаттау болса, екінші әдебиет түгілі, тарихқа қайтып оралар-оралмасы беймәлім дарындардың С.Торайғыров пен А.Байтұрсынұвтан басқасының, тіпті жеке мақалаға арқау болмаған ғұмырбаянын, шығармашылығын зерттеп, тексеру, кейінгі қалдыру, аттарын

ХАЛЫҚ ПЕН ҚОРҒАНЫС САЛАСЫН ЖАЛҒАҒАН..

Кеше елордадағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Қазақстан Республикасы Жергілікті әскери басқару органдары күніне орай, салтанатты іс-шара өтті.



**Қалиқабар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Іс-шараны ашқан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығы, генерал-лейтенант Марат Хұсайынов әріптестерін мерекелік құттықтап, жергілікті әскери басқару органдарының атқарған жұмыстары мен олардың қызметінің мән-маңызына тоқталды.

– Жергілікті әскери басқару органдарының жеке құрамы өздеріне жүктелген міндеттерді бұдан былай да жемісті әрі тиімді атқаратынына, жастарға үлгі болып, Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігінің жоғары деңгейін қолдау үшін бар мүмкіндікті жасайтынына сенімдімін, – деді ол.

Шараға ҚР ҚМ Департаментінің басшылығы, Әскер түрлері мен тектерінің Бас қолбасшылары, Республикалық ардагерлер ұйымдары мен гарнизон әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері, «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ тәрбиеленушілері – мектеп оқушылары қатысты. Шара барысында «Қазақстан Республикасы Жергілікті әскери басқару органдарының тарихы» көрмесі тамашаланды. Салтанатты жиын Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық ұлан мен ҚР ҰҚК Шекара қызметі әскери ансамбльдерінің әскери-патриоттық концертімен аяқталды.

Шара соңында сөз алған Нұр-Сұлтан қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, подполковник Медет Түрскелдиев 2020 жылдан бастап мерзімді әскери қызметке шақыру, Конституциялық борышты орындау үшін кешенді іс-шараларға тартылатын азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтау

мектептің филиалдарында ҚР ҚК үшін 51 мың маман даярланды. Тәуелсіздік жылдары 700 мыңнан астам әскерге шақырылушы мерзімді әскери қызметке шақырылды» деді ол.

12 қыркүйек – еліміз үшін 1991 жылдан бастап, әскери комиссариатқа Республикалық орган мәртебесін беру және оған республиканың барлық әскери комиссариаттарын бағындыру туралы Қазақ КСР Президентінің Жарлығы күшіне енген кезден бастап атаулы күн болды.

Тарихы тереңнен басталатын Жергілікті әскери басқару органдары әр кезеңде ел басына түскен қиындықтар мен қилы сәттерде Отанымызды қорғау, мемлекеттімізді нығайту саласында халықты жұмылдырып, сынақтардан абыроймен өтті. Бұл күндері де армия мен халықтың ортасында байланыстырушы сала болып табылатын Жергілікті әскери басқару органдары әскерлерді адам және техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, олардың есебін жүргізу, ардагерлерді ардақтап, жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту жолында қызмет етіп келеді.

Жергілікті әскери басқару органдарының жалпы тарихын 6 кезеңге бөлуге болады. Мұның алғашқы кезеңі 1918-1920 жылдардан бастау алады. Яғни 1918 жылы 8 сәуірде Халық Комиссарлары Кеңесінің Әскери істер жөніндегі облыстық, уездік, губерниялық және округтік комиссариаттарды құру туралы декретіне қол қойылды. Әскери істер жөніндегі комиссариаттар әскери қызметке жарамды халықты есепке алу, оны шақыру, Қарулы Күштерді қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, барлық жұмысшыларды және шаруаларды оқыту, әскери істерге үйрету, әскери жабдықтардың материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылды.



Сұлтан СЕЙІТ



Ал екінші кезең 1921-1940 жылдар аралығын қамтиды. 1921 жылдың басынан бастап майданда ұрыс қимылдарының тоқтатылуына және армияның демобилизациялануына, қайта ұйымдастырылуына және санының қысқаруына байланысты әскери комиссариаттар жалпыға бірдей әскери оқытумен, әскери міндеттерді, жылқыларды, көлік құралдарын әскери есепке алумен және жұмылдыру мәселелерімен айналысты.

3 кезең 1941-1945 жылдары атқарылған жұмыстармен ерекшеленеді. Ұлы Отан соғысы әскери комиссариаттардың алдына күрделілігі мен ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған міндеттерді қойды. Қысқа мерзімде ауыр жағдайларда Қазақстанның әскери комиссариаттары әскери оқыту жүйесінде жүздеген мың бронь бұзғыштар, байланысшылар, минометшілер, саперлер және басқа да мамандарды дайындады.

4 кезең екінші дүниежүзілік соғыстан тәуелсіздік жылдарына дейінгі мезгілді, яғни 1945-1991 жылдар аралығында атқарылған жұмыстармен тарихқа танбаланды. Бұл мезгілде әскери комиссариаттар қаза тапқан 601 939 адамның және хабар-ошарсыз кеткен 270 000 адамның отбасын хабардар етті. Қаза тапқандардың

және хабар-ошарсыз кеткендердің отбасыларына зейнетақы тағайындау бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Әскери комиссариаттар офицерлері мен қызметшілерінің жұмылдыру жүргізу және резервтерді дайындау жөніндегі жанкешті еңбегі Ұлы Жеңіске жетуге өз үлесін қосты. Демобилизация кезеңінде әскери комиссариаттар әскери міндеттерді есепке алуды және хабар-ошарсыз кеткендерді іздестіруді жүргізді.

Ал 6 кезең тәуелсіздік алған 1991 жылдан қазірге дейінгі алтын дәуірді қамтиды. 1991 жылғы 12 қыркүйекте Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әскери қызметке шақыру туралы» № 443 Жарлығымен Қазақстанның әскери комиссариатына республикалық орган мәртебесі берілді.

Бүгінгі таңда қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар мен бөлімдер Қарулы Күштердің ажырамас бөлігі болып табылады және елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жүйесінде маңызды рөл атқарып келеді. Жергілікті әскери басқару органдарының бөлімшелері әскерлер мен әскери оқу орындарын жасақтау, әскери оқытылған резервті есепке алуды жүргізу және даярлауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындайды. Қазақстандықтар арасында әскери-патриоттық жұмыс жүргізеді.

Жергілікті әскери басқару органдарының қазіргі заманғы жүйесі барлық облыстарда, қалалар мен аудан орталықтарында орналасқан 20 департаменттен, 31 басқармадан және 164 қорғаныс істері жөніндегі бөлімнен тұрады.

1992 жылдан бастап елімізде мерзімді әскери қызметке 676 мыңнан астам азамат, ал әскери оқу жиындарына 31 мыңнан астам әскери міндетті шақырылды. Әскери оқу орындарында оқу үшін 42 мыңнан астам курсант іріктелді. Қарулы күштерге арналған әскери-техникалық

мектептің филиалдарында 50 мыңнан астам маман даярланды.


Қазіргі уақытта жергілікті әскери басқару органдарын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған перспективалық жоспарына сәйкес, оларды реформалау және азаматтармен өзара іс-қимыл процестерін автоматтандыру жүргізілуде. Бүгінде Қорғаныс министрлігінің 15 мемлекеттік қызметінің 10-ын қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдер орындайды. Цифрлық ресурстар арқылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылады. Әскерге шақыруды кейінге қалдыру және одан босату беріледі. Әскери есепке алу және әскерге шақыру мәселелеріне қатысты әкімшілік заңнаманың сақталуын бақылау жүзеге асырылады.

Пилоттық режимде Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Чернобыль атом электр станциясындағы аварияның салдарын жоюға, интернационалист жауынгерлерге анықтамалар беру, әскери қызметтен өткендігін растау туралы және елден тыс жерлерге тұрақты тұруға шығатын азаматтарға қатынасы туралы қызметтерді іске қосу мәселесі қарастырылады.

2023 жылдан бастап «e-gov» порталындағы жеке кабинетте азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы мәліметтерді көрсете отырып, әскери міндеттер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды электрондық форматқа көшіру жоспарланған. Бұл ішкі көші-қон кезінде азаматтарды әскери есепке қою және одан шығару қажеттілігін жояды.

Жергілікті әскери басқару органдары халықпен үнемі байланыста болады. Азаматтардың әлеуметтік желілердегі өтініштеріне жедел ден қою үшін олардың бірінші басшыларының ресми аккаунттары құрылды. Еліміздің барлық өңірлеріндегі қорғаныс істері жөніндегі бөлімшелер Қорғаныс министрлігінің «Қоғамдық қабылдау бөлмесі» функциясын орындайды.

«Жергілікті әскери басқару органдарының бөлімшелері әскерлер мен әскери оқу орындарын жасақтау, әскери оқытылған резервті есепке алуды жүргізу және даярлауды ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындайды. Қазақстандықтар арасында әскери-патриоттық жұмыс жүргізеді. Демек, бұл орган халық пен Қорғаныс саласын жалғайтын алтын көпір деп атауға болады. Жастардың бойына отаншылық тәрбиені сіңіру, олардың Отан алдындағы борышын абыроймен атқару жұмыстарына да жергілікті әскери басқару органдарының атқарып жатқан еңбегі ерен» деді Ұйымдастыру жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары, генерал-майор Сәкен Жүсіпов.



№108 (4386) 13/09/2022 Сейсенбі

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Әлеуметтік желі – қарапайым халықтың жанайқайын жеткізуші алаң, соңғы кездері студенттер жатақханасыз қалған, әсіресе, алматылық шәкірттердің ата-аналарының шағымдары жиі естілуде.

Олардың айтуынша, 1 бөлмелі пәтерді жалдау құны орташа есеппен 150 мың теңге, 2 бөлмелі пәтер 250 мың теңге, үш бөлмелісі 320 мыңға жеткен. Тамыздың алғашқы онкүндігінде Алматыда пәтер жалдау құны маусыммен салыстырғанда 15% өскен.

Жалға берілетін пәтер бағасының қымбаттауынан Алматыға келген студенттер көшеде, метро мен вокзалда түнеуге мәжбүр. Бұл туралы блогер Ғабит Тоқсанбаев әлеуметтік желіде хабарлады.

9-тамызда Алматыда жалдамалы пәтердің 1 шаршы метрі 4900 теңгені құрады. 2 бөлмелі пәтерді жалдау құны айтарлықтай қымбаттады, тамызда баға бірден 25%-ға өскен. Бір бөлмелі пәтерлер – 7%, 3 бөлмелі пәтерлер 14% қымбаттаған.

Мақсат Жақау өзінің Facebook парақшасында баспана таппай қиналған жастар туралы былай деп жазады:

«Мемлекеттік білім беру гранттарымен жастар оқуға түскенде қуанамыз, Орал-Атыраудан бастап бері қарай студенттердің көші ағылатыны түсінікті де. Құжатын өткізген бірінші курс студенттерінің 60 пайызы жатақханаға орналасады. Бірақ, екінші курста жатақханадан еріксіз қағылады, себебі өзі сияқты кезінде бірінші курстың студентіне орын босатуы тиіс. Ал ақылы түскендер жатақхана дегенді түсінде көруге мәжбүр.

Осыған орай заңды сауал туындайды: егер мемлекетке сонша маман керек болса, неге гранттымен қоса жатақханасы қарастырылмаған. Кім кінәлі?

Ең екіншісі сол, бұл мәселе жыл сайын қайталана береді, негізі қиналатын – студент пен оны күндіз-түні ұяйымдайтын ата-анасы. Бұл шаруаны құзырлы органдар, ЖОО-лар Үкіметпен бірлесе отырып нақты іс-шаралар механизмін жасап, шешуі керек.

Біріншіден, аймақтағы университеттерде сол мамамдықтарға берілетін грант санының жоқтығы. Әйтпесе, сонау Атыраудан қаңғып Алматыдағы университеттерге барып несі бар?!

Екіншіден, мемлекеттік білім беру гранттарының ЖОО-ларға, студенттерге жыл сайын берілуі көбейсе, болашақ маманға тұрақты дұрыс оқи алатындай жағдай туғызу керек шығар?!

Үшіншіден, неге университеттер студенттерді қабылдау кезінде аудитория, жатақханасы жеткілікті ме, асханасы бар ма, оқытушы сағаттары жете ме деген сияқты мәселелерді ескере отырып қабылдамайды?

Мысалы, былтыр экономика және қаржы салалары бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орны Naqhoz University тек 600 студентті ғана қабылдау лимитін қойған. Ал кейбір университеттер мүлдем шамадан тыс қабылдауының салдарынан студенттері метро мен вокзалда түнеп, көше кезіп, арзан пәтерлерді қаланың шеткері аудандарынан іздеп кетті. Сөйтіп жүргенде бала бір нәрсеге ұшыраса кім жауап береді?!

Бұл – әлеуметтік күйзелісті тудырып, билікті ойландыратын құбылыс. Сондықтан, бұл жүйесіздіктің тоқтамы болуы тиіс!».

Бұл – Алматыдағы студенттердің ғана жанайқайы емес, күллі Қазақстанды мекендеген жастардың өзекті мәселесі. Жыл сайын көші-қон мен миграцияның, демографиялық өсу қарқынынан елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласындағы студенттер де бұл проблемалардан құралақан емес. Жатақхана бәріне жетіспейтіндіктен, пәтер жалдап, күнелтуге мәжбүр.

ЖАТАҚХАНА МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ЖОҒАРЫ СЫЙАҚЫ АЛҒАНША, СТУДЕНТТЕРГЕ ЖАТЫН ОРЫН САЛЫП БЕРМЕЙ МЕ?



Біз осы ретте Ғылым және жоғары білім министрлігінен осы сауалдарға жауап беруін сұраған едік.

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ НЕ ДЕЙДІ?

«Басқа қаладан келген студенттер жатақханамен қамтамасыз етілуі тиіс» деді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев Алматыдағы жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесу барысындағы мәлімдемесінде.

– Жоғары оқу орындары басқа қаладан келген студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге және олардың тұруы мен оқуы үшін жағдай жасауы тиіс. «Біз мемлекеттік жекеменшік әріптестікті кеңейтіп, инвесторларды студенттік жатақханалар құрылысына тартамыз. Олар үшін мемлекет тарапынан арнайы преференциялар көзделген. Мемлекеттік тапсырысты бөлу кезінде біз ЖОО жатақханалары болуын ескереміз және студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі бойынша қарқынды жұмыс істейміз, – деп атап өтті вице-министр Қуаныш Ерғалиев.

Әлеуметтік желіде ата-аналардың наразылығы мен студенттердің әр жерде қонып жүрген фотолары, видеолары жарияланғаннан кейін, Қуаныш Ерғалиев Ғылым және жоғары білім министрінің тапсырмасы бойынша Алматы қаласындағы ЖОО жатақханаларына барып, басқа қалалардан келген студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз етуді тексерді.

Алматыда еліміздегі студенттердің шамамен үштен бірі тұрады. Жылдан жылға мегаполиске келетін студенттер саны артып келеді. Осыған байланысты шаһарда студенттік жатақханаларға деген сұраныс жоғары.

Жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін шешу үшін жаңа студенттер үйлерінің құрылысы жүргізілуде және жатақханалар мен қонақ үйлердегі төсек-орындарды жалға алу бойынша шарттар мен меморандумдар жасалуда.

«Студенттердің оқуға немесе пәтер жалдауына арнайы субсидия беріледі.

Мұндай көмекке мұқтаж 7,5 мыңнан астам бала бар. Келесі

РЕСПУБЛИКАНЫҢ 104 ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЖАТАҚХАНАЛАР САНЫ – 309.

101 522 ТӨСЕК-ОРЫН САНЫ

15 324 ТӨСЕК-ОРЫНҒА ЖАЛҒА АЛЫНҒАНДАР САНЫ – 100

87 343 ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЖОО ЖАТАҚХАНАЛАРЫНА АДАМ ОРНАЛАСТЫ

37 106 ОРЫН, АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

14 855 ОРЫН, НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

7 347 ОРЫН, ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

7 202 ОРЫН, ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БӨЛІНСІНДЕ ҚАЗҰУ-ҒА ЕҢ КӨП СҰРАНЫС. ӨЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ – 15 500 ТӨСЕК-ОРЫН, ҚАЗҰҚПУ – 4 500, АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ – 4 000, ҚАЗҰТУ – 4 000, Қ.СӘТПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰТУ – 3000, Л.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕҰУ 6500 ТӨСЕК-ОРЫНДЫ ЖАТАҚХАНАҒА ЗӘРУ

жылдан бастап әрқайсына айына 50 мың теңгеден берілетіндей бюджеттен 160-170 млн көлемінде қаржы қарастырылған» деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек. Ол мұны «Qazaqstan» телеарнасының «Жедел желі» студиясында айтты.

ЖАСТАРДЫ ЖАТАҚХАНАМЕН ҚАМТУ БОЙЫНША ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР ЖАСАЛУДА?

Ғылым және жоғары білім министрлігі берген мәліметтер бойынша «Аманат» партиясының «Өзгеру жолы: барлығына лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының «колледждер мен университеттер жатақханаларында 2025 жылға қарай кемінде 50000 жаңа орын енгізу» деген 65-тармағын іске асыру шеңберінде жыл сайын 10000 орындық, 2021 жылы 10364 орындық 49 студенттік жатақхана пайдалануға берілуі керек.

2021 жылы енгізілген 49 жатақхана бойынша сипаттама:

1. Құрылыс арқылы 5996 орындық 23 жатақхана, 4368 орындық

“

Нұр-Сұлтан қаласында 13 оқу орнында білім алатын 7491 студент жатақханаға зәру болып отыр, оның ішінде Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарайтын Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне 5927 адам жатақхана кезегінде. Соған сәйкес, елордада 2022 жылдың соңына дейін 380 орынға арналған 2 жатақхана салынуы тиіс

жалға алынды.

2022 жылы 10 185 орындық 40 жатақхананы іске қосу жоспарлануда.

Жыл басынан бастап жатақханаларда 7081 орын құруға алдын ала 19 шартқа оның ішінде 2022 жылы пайдалануға беру мерзімімен 1657 орынға арналған 8 жатақханаға, 2023 жылы 2 500 орынға арналған 6 жатақханаға, 2024 жылы 2 924 орынға арналған 5 жатақханаға қол қойылды.

БЮДЖЕТТЕН БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ҚАНДАЙ?

2019 жылы 8 жатақханадағы 1763 төсек-орынға студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханадағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырыспен 169799 мың теңге сомасында төленді, 2020 жылы 19 жатақханадағы 4401 төсек-орынға мемлекеттік тапсырыспен 699111 мың теңге сомасында төленді, 2021 жылы 29 жатақханадағы 7652 төсек-орынға мемлекеттік тапсырыспен 1637150,5 мың теңге сомасында төленді.

2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік өтінім шеңберінде қаржы министрлігі мынадай сомаларды қолдайды: 2022 ж. – 4972182 мың теңге, 2023 жылы – 10327754 мың теңге, 2024 жылы – 10964443 мың теңге.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыруға 2022 жылы 9862 орынға 39 шарт жасалды. 7 ай ішінде мемлекеттік тапсырысқа 1017,3 млн теңге сомасында төленді.

P.S:

Әрине, Ғылым және жоғары білім министрлігі берген мәліметтер студент жастарды жатақханамен қамтамасыз ету бағытындағы жасалып жатқан жұмыстарды қамтиды. Бірақ, бас қала – Нұр-Сұлтан мен үлкен мегаполис Алматыға халықтың, студенттердің ағылуы, көші-қон үдерісі мұншалықты қарқын алғанын ескерсек, әсіресе, елорда 25 жыл ішінде халық саны үш есе өсіп, 2022 жылғы тамыз айында 1 млн 267 мыңнан астам адамға жеткенін ойласақ, министрлік берген мәліметтер көңіл көншітпейді. Бұл мәселе өзектілігін әзірге жоймайды. Бұған ЖОО басшылары жақсы менеджмент қалыптастырып, ірі кәсіпкерлерді тартып, жаңа жатақханалар салынып, мәселенің ушыққаны ушыққан. Қаржысы министрлігі «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ есебі бойынша жоғары оқу орындарының басшылары 3 млрд теңгеден астам сыйақы алды, деп мәлімдеді. Бұл қаржыға бірнеше студенттер үйін салуға әбден болар еді.

Тіршілікте ғұмыр кешіп, өмірде де, қызметте да өз орныңды табу — үлкен бақыт. Ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, ұстаздық жолымен талай талантты шәкірттерді тәрбиелеген Есематова Ақбота Бақытқызының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.

МҰҒАЛІМ МЕРЕЙІ



үшін көп жұмыс атқарды. Ақын Төлеген Айбергенов тұрған, оқыған және жұмыс істеген жерлерде көптеген ақындармен, жазушылармен, ақынның замандастарымен кездесіп, Төлеген Айбергенов жайлы көптеген суретті материалдар, бай бей-нематериал жинады. Ақбота Бақытқызы ақынның қызы Айнар Айбергеновамен бірге Т.Айбергенов атындағы №39 мектепте және ақынның жұмыс істеген жері Сарыағаш қаласында орналасқан М.Әуезов атындағы №1 мектеп-лицейінде болып, мектепте болған кезінде оқушылармен және мектеп ұжымымен кездесулер өткізді. Ақбота Бақытқызы ақынның өмірлік қайраткерлік жолы жайында бейнефильм түсірді. Төлеген Айбергеновтің мемориалдық мұражайының ашылуына да қосқан үлесі үлкен.

Әкесі Бақытжан мен анасы Екатерина да – тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің үздігі. Олар қыздары Ақботаның ұстаздық саланы таңдауына қуанып, болашағынан көп үміт күтті. Үміт ақталды деген осы болар. Білім саласында ізденімпаздық пен жаңашылдықты мұрат еткен Ақбота Бақытқызы жас өскіндердің оқу-тәрбиесімен айналысудан бойына ерекше құш-қуат алатынын айтады. Мектепте ұлағатты ұстаз Ақбота Бақытқызы отбасында ардақты ана, аяулы әже. Ұлы Азаматтан Әбілмансұр, Аружан атты немерелері бар.

Өмірлік ұстанымы – белсенді өмірлік ұстаным, нәтижеге бағдарлану, дамуға және кәсіби өсуге ұмтылу. 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК-да жұмыс істейді, орта және мектепке дейінгі білім беру бөлімінің басшысы. Жұмыс барысында орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының педагогикалық тәжірибесін әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүргізеді.

Ол бөлім меңгерушісі ретінде бөлім әдіскерлерінің үнемі мақсатты түрде біліктілігін арттыруға басымдық береді. Қашықтықтан оқыту кезінде «Балапан» және «Ел-Арна» арналарында телесабақтарды жоспарлау және өткізуде мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетеді.

Ұстаздық – әркімнің қолынан келмейтін, ерекше талантты қажет ететін, талапшыл, жаңашыл мамандық иесі. Өз кәсібінің майталманы ғана осы мақсатқа рухани күш-жігерін, қуатын салу арқылы жететіні түсінікті. Мерейлі жасқа абыроймен, құрметпен жеткен Ақбота Бақытқызына зор денсаулық, жемісті еңбек тілейміз.

**Оспан СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ,
«ҚР Білім беру ісінің құрметті
қызметкері»**

«ҮЗДІК ПЕДАГОГ» БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Мұғалімдер күні қарсаңында елімізде «Үздік педагог» байқауы басталды. Жеңімпаздарға 3 млн теңге көлемінде сыйақы беріледі. Былтыр еліміздің әр өңірінен 64 мұғалім 3 млн теңгеден алған болатын. Биыл байқау он бірінші рет өткізілгелі отыр.



Конкурсқа мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штаттағы педагогтері қатыса алады. Биыл цифрландыру бағытында үлкен жұмыс атқарылды. Байқаудың барлық кезеңі, нақтырақ айтқанда, қатысушыларды тіркеуден бастап республикалық кезеңнің қорытындысын шығаруға дейін толығымен цифрландырылған.

Құжаттарды қабылдау 12 қыркүйекте басталып, 2022 жылғы 22-қыркүйекке дейін жалғасады. Байқау туралы ақпарат еліміздің барлық 380 мың мұғалімі пайдаланатын kundelik.kz жүйесінде орналастырылады.

Сондай-ақ байқау тарихында алғаш рет барлық кезең, яғни қатысуға өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау <https://teachercontest.iac.kz/> веб-порталында жүзеге асырылады.

«Бұл байқаудың маңызы зор, өйткені ол үздіктердің ішіндегі ондаған үздік педагогтің еңбегін тануға мүмкіндік береді. Жұлде қорын ұлғайттық және бұл мықты мамандардың мамандыққа келуіне түрткі болып, осы кәсіпте ондаған жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан мамандарға көрсетілген құрмет болады деп сенеміз. «Үздік педагог» атағына білім беру ұйымдарында жұ-

мыс істейтін және құжаттарды тапсыру кезінде кемінде бес жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар педагогтер үміткер бола алады. Бұл – балабақша, мектеп, колледж мұғалімдері. Байқау аясында мұғалімнің білім саласын дамытуға қосқан үлесі, ұстаз қызметінің тиімділігі мен оның кәсіби шеберлігі ескеріледі. Бір айта кетерлігі, жылдан жылға үміткерлер саны ғана емес, олардың дайындық деңгейі де артып келеді. Бұл жалпы білім сапасы мен педагог мәртебесінің артқанын көрсетеді. Биыл байқауға қатысатын әрбір педагог сауалнаманы толтырғаннан кейін конкурстың одан арғы динамикасын бақылай алады, мысалы, қатысушылар қай кезеңде тұр, оларға сарапшылар қандай ұпай қойды» деп түсіндірді ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта

білім беру комитеті төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Байқау үш кезеңнен тұрады: – I кезең – аудандық, қалалық деңгей; – II кезең – облыстық деңгей; – III кезең – республикалық деңгей.

Екі байқаудың қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған мұғалімдер республикалық деңгейге өтеді.

Республикалық «Үздік педагог» байқауы 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында байқау аясында мектепке дейінгі және орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 600-ге жуық үздік педагогтері анықталды.

«Үздік педагог» атағының иегерлеріне 3 млн теңге көлеміндегі ақшалай сыйақы ғана емес, төсбелгілер де беріледі.



#КЕРЕККЕҢЕС



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША 2022 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНДА 6 МЛРД ТЕҢГЕ ЖАРНА ТҮСТІ

«Осы жылдың тамыз айында МӘМС үшін елордалықтар 6 млрд теңге жарна аударған. Ал жыл басынан бері, яғни 2022 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін елордалықтардан 42,6 млрд теңге жарна түсті.

Жалпы 2017 жылдың 1 шілдесі мен 2022 жылдың 31 тамызы аралығында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша медициналық сақтандыру үшін жинақталған жарна 143,2 млрд теңгеден асады» деп хабарлайды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының елорда филиалының баспасөз қызметі.

«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша осы жылдың тамыз айында МӘМС үшін елордалықтар 6 млрд теңге жарна аударған. Оның 3,3 млрд теңгеден астамы – жұмыс берушілердің, 2,7 млрд теңге – жеке кәсіпкерлердің аударымдары.

Ал 2022 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында медициналық сақтандыру

үшін елордалықтар 42,6 млрд теңге жарна аударған (оның 23,7 млрд теңгеге жуығы жұмыс берушілердің аударымдары, ал 18,9 млрд теңге – жеке кәсіпкерлерден түскен жарна).

2022 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында 14883 бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) төлеушілерден түскен МӘМС

жарналары 86 млн теңгеден аса соманы құрайды, ал осы жылдың тамыз айында 7998 БЖТ төлеушілерден 10,7 млн теңге жарна түскен.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін түскен барлық жарна аударымдары, яғни жинақталған қаржы, сенімгерлік басқару туралы жасалған келісімшартқа сәйкес, Ұлттық банкте сақталады да, медициналық қызметтер ақысын төлеуге жұмсалады. ТМҚК және МӘМС пакеттері бойынша халыққа көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жасап, тексергеннен кейін ғана Қор жеткізушілеріне төлем жүргізіледі» дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықпапаров.

Медициналық сақтандыру қоры пациенттер құқығын қорғайды. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда:



- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- @saqtandyrybot телеграмботы
- 1406 байланыс орталығы
- Қордың fms.kz сайты

кері байланыс арналары арқылы Қорға хабарласуға болады. Әлеуметтік меди-

налық сақтандыру қоры өтінішіңізді қарап, тиісті шаралар қабылдайды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының баспасөз қызметі

СИРЕК СОПРАНО – СУМИ ЧО

Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан көпшіліктің сүйіп тыңдайтын «Тойбастар» сахналық көрінісі, Ж.Оффенбахтың «Гойман ертегілері» операсынан Олимпия шумақтары, Ф.Легардың «Күлкі елі» опереттасынан ханзада Су Хонгтың ариясы, «Пуриандықтар» операсынан Рикардоның ариясы және тағы басқа көптеген туындылар бар.

Кеш Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы мен мәдени алмасу жылы құрметіне орай Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасы елшілігінің Корея мәдени орталығы қолдауымен ұйымдастырылды. Концерт алдында Суми Чо мен кеш ұйымдастырушылары баспасөз мәслихатын өткізді. Әлемдік сахнаның жұлдызы, өз заманындағы жоғары сұранысқа ие, сирек сопранолардың бірі саналатын Суми Чоға бірнеше сауал қойған едік.

– Суми Чо ханым, қазақ еліне қош келдіңіз! Қазақстанға осымен үшінші рет келген екенсіз. Әсеріңіз қандай?

– Қазақстан Республикасындағы Корея Республикасы елшілігінің Корея мәдени орталығы қолдауымен ұйымдастырылған концертке қатысуға келдім. Оның үстіне мен ЮНЕСКО-ның аясында бейбітшілік үшін өнер көрсететін әнші болғандықтан, Қазақстандағы концертке қатысуды өзіме үлкен мәртебе деп санаймын. Өнер иесі ғана емес, бейбітшілік пен достықты қолдайтын адам ретінде мен үшін бұл өте маңызды.

– Бұл концерт, осы вокалдық орындау – музыка әлемін тағы бір жоғары сатыға көтергендей. Әрбір орындалған шығармаңыз – бір-бір опералық туынды секілді. Қазақстандық әріптестеріңізбен мәртебелі сахнада орындау қаншалықты ұнады?

– «Астана Операның» сахнасында қазақстандық әріптестеріммен опералық шығармаларды орындау өте қызықты, тартымды. Бір-бірімізді сыйлап, өнерімізге шын құрмет тұтып, бауыр басып кеттік. Жаз бойы жасаған еңбегімді жарқырап, халықтың алдына шыққанына зор ризашылығымды білдіргім келеді. Керемет опера солистері, ғажайып оркестр, тамаша хор, білікті бас дирижер – барлығы да шығармашылық әлеуетімді арттырып, шеберлігімді шындай түсті. «Астана Опера» опера труппасының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов, меццо-сопрано, жетекші солист Татьяна Вицинская, операның жетекші шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Чотбаевтай жоғары өнер иелерімен бір сахнада өнер көрсету, жаңа бағдарламамен шығу шынында да мен үшін өте маңызды, қуантарлық жағдай.

– Концертте қазақстандық әріптестеріңізбен бірге орындайтын шығармаларға қандай баға бересіз?

– «Астана Операның» солисі Татьяна Вицинскаямен дуэт болып орындаған опералық шығармамыз өте тартымды. Жалпы, Сіздерге келгенге дейін Кореяда Татьяна Вицинскаяның орындауындағы «Кармен» шығармасын тыңдағанмын. Өте ұнады. «Кармен» – опера өнерінің жауарларының бірі. Кеш барысында дуэпен қатар квартетпен орындау, хормен бірге орындаулар болады. Олардың барлығы да өте талантты, эмоцияла-

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Жуырда «Астана Опера» театры өзінің мерейтойлық оныншы театр маусымын әлемдік опера сахнасының жұлдызы, «Грэмми» сыйлығының лауреаты, сопрано дауысты Суми Чоның (Оңтүстік Корея) қатысуымен өткен концертпен ашты. Мерейтойлық концерт, музыка мерекесі қазақстандық опера жұлдыздарының қатысуымен «Астана Операның» бас дирижері Алан Бөрібаевтың жетекшілігімен көрермендер назарына ұсынылды. Концертте қазақ, корей және батысеуропалық шығармалар орындалды.

рын да өте жақсы жеткізе алатынын байқадым. Ең бастысы – оларда патриоттық рух, өнерге шын берілгендік бар. Қазақстандық әріптестерім, өнер иелері өз елін мақтаныш тұтатын шынайы дарын иелері. Бұл жағынан алғанда олар өз еліміздің, Кореяның әншілеріне қатты ұқсайды. Солистер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алан Бөрібаевтың жетекшілігінде «Астана Операның» хоры мен симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен опералық ариялар мен дуэттерден жарқын бағдарлама ұсынып отыр. Алан Бөрібаевтай маэстромен, әлемдік деңгейдегі музыкантпен бір сахнада өнер көрсеткеніме ризамын.

– Қазақ музыкасынан қандай әсер алдыңыз және алдағы уақытта Сіздің репертуарыңызға қазақстандық композициялардың шығармалары ене ме?

– Бір қызығы сол – концертті қорытындылайтын ән корей тілінде орындалатын әндерге өте ұқсас. Бұл екі елдің өнері үшін де, халықтар достастығы үшін де керемет үйлесім, татулықтың белгісі. Бұл бейбітшілік үшін де, музыка әлемі үшін де өте керек нәрсе. Мен Корея Республикасында тудым, өстім, музыкант ретінде әлемнің барлық елінде өнер көрсетемін. Қазақстанның мәдениеті мен өнеріне үлкен қызығушылығым бар, алдағы уақытта тағы да музыка әлемін зерттеп, репертуарыма қосамын деген ойламын.

– Сіз өз замандастарыңыздың арасында жоғары сұранысқа ие сопранолардың бірісіз. Жазбаларыңыз, күйтабақтарыңыз ең көп сатылатын әлемдегі классикалық әншісіз. Репертуарыңызда үлкен сұранысқа ие опералық партиялар бар, әлемнің әйгілі опера сахналарында өнер көрсеттіңіз. ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік әртісі» атағының иегері ретінде елдер мен мәдениетті жақындату мақсатындағы маңызды қадамды біздің елордадан

бастадыңыз. Алдағы уақытта қандай шығармамен көрермендеріңізді, жанкүйерлеріңізді қуантпақсыз?

– Мен қазір маңызды хабарлама жасаймын: келесі жылы мен Парижде музыкалық конкурс ұйымдастырмақшымын. Осы ретте сол жарысқа, музыка мерекесіне Қазақстаннан көптеген өнер иелерінің қатысқанын қалар едім. Сол арқылы атын әлемге танытып, дүние жүзі бойынша өнер көрсеткенін көрсем деймін. Опера театрлары арасындағы мәдени байланыс болғанын шын жүректен қалаймын.

“

2003 жылы ЮНЕСКО «Әлем әртісі» деп таныды, 2019 жылы Италия Жұлдызы орденінің кавалері атанды, есімі Азияның Даңқ залына енді, «Үздік корей мәдени бренді» және «Корей имиджі» марапаттарына лайық деп танылды (2022).

СПОРТ



КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА: КІМ ТОП ЖАРДЫ?

ASPAN спорт кешенінде көркем гимнастикадан жасөспірімдер мен балалар арасында Нұр-Сұлтан қаласының ашық чемпионаты аяқталды. Жарысқа 215 спортшы қатысты.

Ашық чемпионат болған соң Қарағанды және Жамбыл облыстарының жас гимнастшылары да елорда төрінде өнер көрсетті. Турнирде 2011-2016 жылы туған қыздар бәсекеге түсті.

Көркем гимнастика Нұр-Сұлтан қалалық федерациясының президенті Сайранбек Ербатырұлының айтуы бойынша бұл жарыс пандемиядан кейінгі жасөспірімдер арасындағы бірінші чемпионат болып отыр. Бұл жарыста топ жарған спортшылар Нұр-Сұлтан қаласының құрама командасына қабылданып республика біріншілігінде өнер көрсетеді.

Ал жарыс нәтижелеріне келсек, 2016 жылғы жасөспірімдер арасындағы жеке бағдарламада «Изумруд» гимнастика мектебінің спортшысы София Герцен жеңіске жетті. Екінші орынды Томирис Айбекова иеленсе, үшінші орын Сара Аушахмановаға бұйырды.

Топтық сайыста бірінші орынды Жамбыл облысының қыздары жеңіп алса, екінші орынды елордалық «Жемчужина» мектебінің спортшылары иеленді.

2014 жылғы жасөспірімдер бәсекеінде елордалық «Жұлдыз» көркем

гимнастика орталығының шәкірті Іңкәр Мергенова топ жарды. Екінші орынға «Изумруд» мектебінің спортшысы Бибибір Арыстанбекқызы қол созса, «Жемчужина» спорт клубының шәкірті Айкөркем Мейрамханқызы қола жүлдегер атанды.

2015 жылғы спортшылар жарысында Нұр-Сұлтан қаласының №1 ОРЖБМСМ шәкірттері жақсы нәтиже көрсетті. Бірінші және екінші орынды Самал Сәрсенова мен Тамина Елеусізова иеленді. Үздік үштікті «Жұлдыз» орталығының спортшысы Жәніл Науенова түйіндеді.

2011-2012 жж туған балалар арасындағы топтық сайыстарда барлық жұлдені №1 ОРЖБМСМ спортшылары жеңіп алды.

Ал 2013-2014 жылы туғандар арасындағы топтық жарыста №1 ОРЖБМСМ спортшылары тағы да бірінші және екінші орынды бөлді, «Әлия Юсупованың гимнастика мектебінің» шәкірттері үшінші орынға табан тіреді.

2011-2013 жылы туғандар арасындағы жеке бағдарламада №1 ОРЖБМСМ шәкірттері Әнел Дінішева, Айғаным Рысбек және Линара Жайлауова жеңіс тұғырынан көрінді.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ



«АСТАНА» МА, «АҚТӨБЕ» МЕ?

Футболдан Қазақстан чемпионатының премьер-лигасының 19-шы туры өтті. Әзірше, «Ақтөбе» мен «Астана» командалары көш бастап келеді.

Өткен сенбіде «Астана» (әзірге 37 ұпай) сырт алаңда ойнады. Олар Ақтауда «Каспий» командасын 3:0 есебімен тізе бүктірді. Ал, «Ақтөбе» болса (әзірге 39 ұпай), «Мақтаарал» командасымен ұпай бөлді. Бұл ойында есеп 1:1 болды. Осылайша, Қазақстанның 6 дүркін чемпионы («Астана») мен 5 дүркін чемпионы («Ақтөбе») арасындағы бәсеке шиелінісі түсті.

Ал, өткен жылы екінші рет ел

чемпионы атанған қостанайлық «Тобыл» (әзірге 32 ұпай) өз алаңында «Атыраудан» 0:2 есебімен ұтылды.

Чемпионаттың аяқталуына дейін алты тур қалды. Турдың басқа ойындарында мынандай нәтижелер тіркелді: «Қызылжар» (Петропавл) – «Ордабасы» (Шымкент) 4:0; «Тұран» (Түркістан) – «Қайрат» (Алматы) 1:3; «Тараз» – «Ақсу» (Павлодар) 3:4; «Ақжайық» (Орал) – «Шахтер» (Қарағанды) 1:2.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №108

Баспаханна: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ